



● БАҚ ДЕГЕНІМІЗ – БАҒДАРШАМ



## «Қазақстан-Қостанай»: кеше және бүгін

Өлібек  
ЫБЫРАЙ

Биыл облыстық «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының құрылғанына ширек ғасыр толды. Осы уақыт аралығында телеөндіріс саласында жүздеген маман

шыңдалып шықты. Бүгінде республикалық телеарналарда, мерзімді басылымдарда жемісті қызмет етіп жүрген әріптестеріміздің дені Қостанай телеарнасының мол тәжірибесін бойына сіңірген жандар. Облыстың түкпір-түкпірін аралап, ел ішінің өзекті проблемалары мен елеулі жетістіктерін халыққа

қатар жеткізіп жүрген ұжым журналистерінің еңбегі, расында да, ұшан-теңіз. Жиырма бес жылдық мерейтой қарсаңында облыстық телеарна өмірінің бір парасы туралы баяндауды жөн көрдік.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

6-бет.



Қазақ журналистикасының қара шаңырақтарының бірі – «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының ширек ғасырлық мерейтойы егемен еліміздің тарихындағы

### Құрметті «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының ұжымы!

айтулы мереке – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

Телеарна ұжымы өңірдің өмірі мен өнерін, тағлымды тарихы мен шежіресін, облыс халқының ерен еңбегін көгілдір экран арқылы елімізге, тіпті, жақын шетелдерге паш етіп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатын көрермен-

ге жеткізіп, жас буынның жаңа бастамаларын өнеге ретінде ұсынатын да облыстық телеарна.

Кезінде Нұрхан Ислямиев, Бақытжан Нұрмұхамедов, Қуанышбай Орманов, Гүлжібек Бекмұхамедова, Анатолий Гавриловтар тәрізді өз ісінің майталман шеберлері еңбек еткен бұл ұжымда қазір олардың осы еңбек эстафетасын жас журна-

листер жалғастыруда.

Телеарна басшылығы өңірлермен байланыс құрып, Арқалық, Жанкелдин, Таран, Науырзым т.б. аудандарда тілшілер қосынын ашты. Бұл қадам осы өңірлердің тыныс-тіршілігінен уақытылы хабардар етіп отыруға мүмкіндік береді.

Осындай игі істер әрі қарай жалғасын тауып, ұжымдарыңыз жаңа белес-

терді бағындыратынына сенімдімін.

Мерейтой күні сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, озық ойлар тілеймін.

Қостанай облысының әкімі  
Архимед  
МҰХАМБЕТОВ.



## ● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Журналистер күні қарсаңы ғой, айтайын. Соңғы кезде жұртпен бас қосыла қалған кездің кей сәтінде: «Осы Сіз «әлеміңізге» тақырыпты қайдан тауып жазасыз?» дегенді шынымен-ақ алдымен сұрайтыны бар. Сауалына қарай жауабы деп жаттанды жауаппен оңай



## «Қайдан тауып жазасыз?»

құтыла салуға болар еді. Әйтсе де, жазудың адамына сананы сансыратқан түйсік-ойларды мидың «домна пешіне» ұзақ қорытып, пісірмесе қиямет-қайым екенін қалай жасырасың. Ал, кей бір сәтте оймақтай ой санаңның шоғына түсіп кетсе, әп-сәтте «қақтап» ала қоясың. Сондай-ақ аяқ астынан зордың күшімен шығарсаң – бір кем дүние дей беріңіз. Енді бірде тіпті қарапайым, өмірдің өзі-ақ айтып тұрады, көресің де қалай тез жазғаныңды өзің де сезбей қаласың. Тағы бірде тақырып көз алдында күлім қағып, сиқырланып қолмен ұстауға «көнбей» тұрса, кейде құдай жарылқап өз аяғымен сап ете қалатыны бар. Айтсақ...

Бірде кәсіпорында істейтін жүзі таныс інішестің бірі арнайы келіп, екеуара сыр айтпақ сыңай байқатты.

– Сіздің «әлеміңізді» жібермей оқитынның бірімін, ағасы. Көкейімді әрнәрсе мазалайды. Соны айтсам деп келдім. Бірақ, сіз секілді жаза алмағасын, одан да айтып көрейін деген бетім, – деп маған өтінгендей пішінмен қарады. – Таңертең, түсте және кешке дастарханға басымыз түгел қосылудан қалдық, ағасы.

– «Е, неге?». Жүзіне тура қарадым.

– Әкем таңғы жетіде бір кесе шәй ішер-ішпестен қызметіне кетеді. Анам да жарты сағаттан кейін жұмысына барады. Ағам да сегіз шамасында үйден шығады. Мен болсам студентпін. Сабақ кестесіне сәйкес әр кезде әр қалай. Сенбі-жексенбіде әкем саяжайға, шешем фитнес клубқа, ағам достарына, мен түнгі қыдырыстан ұйқымды қандырып барып бір-ақ тұрам. Күнделікті жеңіл-желпі аман саулықтың ырымын жасап бір-екі ауыз сөйлескеніміз – қан-сөлсіз әдеттен басқа ештеңе емес. Ойлап отырсам: төрт көзіміз түгел отырып әлі бір шәй ішпеппіз. Керек десеңіз біз бір-бірімізбен бір көсіле шешіліп, жай-күйімізді сұрап рахаттана мәслихат құрмағанымызға біраз жылдар болыпты. Бейнебір қонақ үйде тұрып жатқан секілдіміз. Үйімізге қонақ жылына бір-екі рет келсе келер, әйтпесе ол да жоқ. Мен кейде ет асып, бәріміз әке-шешемізбен бір дастархан басында рахаттанып, арқа-жарқа дидарласуды армандаймын. Бірақ әке-шешемнің, ағамның да бұл ойына кіріп-шықпайтын секілді. Тіпті, үй ішіндегі ұсақ-түйекті кезекші дәптерге жаза саламыз да, әрқайсымыз өз тірлігіміздің жетегінде кететін болдық. Оны айтасыз, дастархан басындағы қарапайым әдеп пен әдеттен де мақұрым қалдым ба деп қорқамын. Дос-жарандарға барсам, олардікі де маған ұқсайтындай көрінеді. Сонда ағасы, Қарашаңырақтың қадірін кетіріп барамыз. Мен не істеуім керек? – дейді студент інішек. Шынында да бозда жүрген бозбалаға не айтасыз?... Міне, тақырып осылай табыла кетті..

## Қала әкімі ауызашар берді

Қостанай қаласының әкімі Базыл Шамұқанұлы Жақыпов тек ел ықыласына бөленген басшы ғана емес, өз ана тілі, ежелден келе жатқан салт-дәстүріміз бен ислам дініне де құрметпен қарайтын азамат.

Осы сөзіміздің нақты дәлелі ретінде ол жуырда 9-шы шағын аудандағы Шоқан қажы Өмірханов басқаратын мешітте биылғы қасиетті Рамазан айында ораза ұстаған қауымға ауызашар берді.

Мешіт асханасына халық көп жиналды. Жұртшылық алдында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысындағы өкіл имамы Бахытбек қажы Тәжімбет сөз сөйлеп, шаһар басшысының бұл сауапты ісі өзге бауырларымызға өнеге болсын дей келе, оған шын жүректен шынайы алғысын білдірді.

Өмір көрген ақсақалдар қала әкіміне ақ батасын беріп, оған алдағы уақытта ел игілігі жолындағы жауапты қызметінде толағай табыс, деніне саулық, отбасына ырыс-береке тіледі.

## ● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

# Ерлік туралы ерекше кітап

Қымбат  
ДОСЖАНОВА

Ер есімін есте сақтауға үндейтін бірегей жоба нәтижелі аяқталды. Ол – Қостанай облысының Әскери даңқ кітабының тұсаукесері болатын. Аталмыш іс-шараның 22 маусым күні өтуі бекер емес. Себебі, осыдан дәл 75 жыл бұрын, 1941 жылғы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталған еді. Қан майданда біздің батыр бабаларымыз жау қолын тас-талқан етіп жеңіп, Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Арада ұзақ жыл өтсе де жауынгерлердің ерліктерін ұрпағы паш етіп, даңқына даңқ қоса түсті.

Достық үйіндегі тұсаукесер боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Іс-шараның модераторы профессор Жәнділді Мақанов кітаптың материалдарын жинақтауға және баспадан шығуына атсалысқан азаматтарды көпшілікке таныстырып, әрқайсысына сөз кезегін беріп отырды. Ауқымды жобаның іске асуына облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық ішкі саясат басқармасы мен өңірдегі архив және құжаттама басқармасының үлесі зор. Эстафета аудан, қалаларды аралап, құнды деректер жинады. Ел ішінен жиналған мәліметтер кітапқа кіріп, мәңгілік ескерткішке айналды. Кітап 1200 данамен қалың оқырманға жол тартты. Аудан, қалалардағы кітапханаларға бір-бір данадан үлестіріліп берілді. Облыстық ардагерлер кеңесі бұдан басқа қосымша кітапты құрастырып жатқанын газетімізде жазған едік. Қосымша жинаққа бұған дейінгі кітаптарға кірмей қалған ардагерлердің есімдері жазылады. Бүгінге дейін 460 жауынгердің құжаттары табылған.

Марат ЖҮНДІБАЕВ,  
Қостанай облысы әкімінің орынбасары:



– Ұлы Жеңістің 70 жылдығы ерекше атап өтілді. Мерейтой аясында «Қостанай облысының Әскери даңқ кітабы» эстафетасы бастау алды. Қолдан-қолға өтіп, облыс аумағын аралаған эстафета құнды деректерді жинады. Соның нәтижесінде қостанайлық соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері туралы тың деректер кітапқа еніп отыр. Ержүрек жауынгерлер туралы бұған дейін «Боздақтар», «Олар жеңіспен оралды» т.б бірнеше жинақ шықты. Мұндай жобалар облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен жасалды. Тағылымды шараларға жергілікті әкімдіктер қолдау білдіргенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, облыстық ішкі саясат басқармасы мен облыстық архив және құжаттама басқармасының еңбегі мол. Эстафетаға ауыл адамдары да үлес қосты. Жоба осылайша халықтық сипат алды.

## «Алтын белгі» иегерлері марапатталды

Ұлттық бірыңғай тестілеуде өз білімдерін дәлелдеген екі түлекке аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин «Алтын белгі» марапаты мен облыс әкімінің Алғыс хатын және сыйлықтарын табыстады. Салтанатты шарада аудан басшысы түлектерді оқу жылын сәтті аяқталуымен құттықтап, Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары жетістіктерге қол жеткізгендері үшін ризашылығын білдірді.

– Биыл Жанкелдин ауданының түлектері білім саласының алтын-дарына лайық екендерін растап, ата-аналары мен ұстаздарының үмітін ақтап шықты. Алтын белгілеріңіз алтын кілтке айналып, еліміздің кез келген жоғарғы оқу орнының есігін ашсын, – деді аудан әкімі.

Мұнан соң аудан басшысы үкілеген үмітті ақтап, «Алтын белгіні» дәлелдеген Н.Г.Иванов орта мектебінің түлегі Аманжол Сапаров пен А.Қоңқабаев атындағы орта мектебінің түлегі Қарагөз Төлегенге «Алтын белгі» арнайы төсбел-



гісін тақты. Ал, үздік аттестатты Н.Г.Иванов орта мектебінің түлегі Мәдина Сапабек пен А.Қоңқабаев орта мектебінің түлегі Мәдина Арғынбайға тапсырды.

Жиында ата-аналар қауымы түлектерге ақ жол тілеп, жеткен жетістіктерімен құттықтап, ұстаздар қауымына алғыстарын білдірді. Айта кетейік, биылғы 2015-2016

оқу жылын тәмамдаған 178 мектеп бітірушінің 84-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, орташа 70,62 балл көрсетті. Аудан бойынша 100-ден жоғары балл жинаған оқушы саны 11 болды.

Гүлім ЫСМАҒҰЛ,  
Жанкелдин ауданы.

СУРЕТТЕ: марапат иелері.



Кенжебек УКИН,  
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:



– Ұлы Жеңістің 70 жылдығына дайындық жұмыстарына арналған ғылыми-практикалық конференцияда «Қостанай облысының әскери даңқ кітабын» жасау туралы сөз болды. Бастама көпшіліктің қолдауына ие болып, эстафета облыстың барлық ауыл-аймақтың тұрғындары жеке мұрағаттарындағы суреттерді бізге әкеліп тапсырып жатты. Архив құжаттарына деген сұраныс та артқандай.

Гүлжан МЕНДЕКЕНОВА,  
облыстық архив және құжаттама басқармасының басшысы:



СУРЕТТЕРДЕ: кітаптың тұсаукесер сәтінен көріністер.  
Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

## ● СЫРЛАСУ: "ҚОСТАНАЙ ТАҒЫ" ЖӘНЕ МЕН"

# Газеттің шыға бастағанына 94 жыл

ОСЫНША УАҚЫТТА БҮГІНГІ "ҚОСТАНАЙ ТАҒЫ" ӨЗ ОҚЫРМАНЫМЕН 18430 РЕТ ЖҮЗДЕСТІ

**Сәлім МЕНДІБАЙ,**  
бас редактордың орынбасары

Иә, қолыңыздағы "Қостанай таңының" бай тарихы бар. Ол шын мәнінде Қостанай сияқты құйқалы өңірдің айнасы, жылнамашысы болғалы қашан? "Газет – досың, сырласың" дейміз біз. Өйткені, ол сенің сөзіңді сөйлейді, сенің ойыңды деп басады, жаңа бір белестерге қанаттандырады, тарихқа бойлатады, дүниетанымыңды кеңейтеді, жаңалықты жайып салады. Газет – билік пен оқырман арасындағы алтын көпір.

"Қостанай таңы" – менің газетім. Олай деуге хақым бар. Өйткені бала жастан осы басылымға бауыр бастым. Жетпіс жылғы ғұмырымның елу жылын кешегі "Коммунизм таңы", бүгінгі "Қостанай таңына" арнадым. Газет елімен бірге есейді, елі не көрсе – газет бетінде сол үрдістер қатталды. Алғаш шыққанда "Ауыл" деген әдемі атқа ие болған үнпарақ аты заман ағымына қарай талай өзгерді – "Социалды ауыл", "Большевиктік жол", "Коммунизм жолы", "Коммунизм таңы", "Қостанай таңы". Осы атаулардың өзінен біз өткен өмірімізді, заман ағымын, саясат салдарын көреміз. Кешегі 37-нің ойранында нақақтан жала жабылып, жан тәсілім еткен журналистер тізімін бастаған қайран Би-аған, Бейімбет Майлин еді. "Бейімбет жау болса, мен де жауым" деп еді Би-ағанды пір тұтқан қайран Ғабен,

Ғабит Мүсірепов, досына араша түсіп. Бірақ жазалау машинасының алып доңғалағын тоқтату мүмкін емес-ті... Өйткені саясат солай-тын, қарайғаннан қарақшыны көрген түс еді ғой ол.

Кейіннен осы қара шаңырақ тізгінін ұстаған Меңітай Жақсылықов, Зиябек Рүстемов, Тумыш Сарықоджаев және басқалар атылды. "Халық жауы" кейіпін кигендер ішінде "Қостанай таңының" он төрт бірдей арысы барын бүгіндер біреу білер, біреу білмес.

...1991 жылғы тамыз бүлігі кезінде "Қостанай таңының" басына қайтадан қара бұлт үйіріліп еді. Сол тұста мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық департаментін басқарған генерал М.Нұровтың азаматтық ұстанымы, біліктілігі, парасат-пайымы болмаса, талайларға "саяси соқырлық" таңбасы басылмақ еді. "Қара тізімнің" қақ басында біз тұрғанбыз.

Иә, "Газет – досың, сырласың" дейміз біз. Сондықтан да әрбір оқырманға, әрбір авторға сергек қараймыз, шын мәнінде оны дос, сырлас, өз адамымыз санаймыз. Сондықтан



да талай жылдар бойы газетке жазылу бағасын бір деңгейде ұстап келеміз. Бүгін жарты жылға жазылу құны – 2100 теңге. Ал "Қостанай таңымен" қатар шығатын "Костанайские новости" бағасы бұдан екі еседен де артық. Ал шығатын жиілігі бірдей – аптасына үш рет, апталық бет саны да бірдей – 48 бет.

Мұндай қамқорлықты оқырман да ерекше бағалайды. 11600 дана таралым – соның жемісі. Осы сыйластық, осы өзара түсіністік пен сенім-құрмет жалғаса береді деп сенеміз.

Әр таңымыз арайлап ата берсін! "Қостанай таңынан" көз жазып қалмаңыз, ағайын! Біздің үнпарақ енді өзінің 95 жылдық белесіне қадам басты.

## ● ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

## Бірлігі бекем елдің ЕҢСЕСІ БИІК



**Қымбат**  
**ДОСЖАНОВА**

**Аймақ басшысы Архимед Мұхамбетовтың төрағалығымен Қостанай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы өтті.**

Сессияға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық топтың мүшелері, облыстық аналар кеңесінің өкілдері, басқарма басшылары мен этномәдени бірлестіктердің қызметкерлері қатысты. Биыл – Қостанай облысының құрылғанына 80 жыл. Маңызды мерейтойлық датаға орай арнайы жоспар бекітіліп, облыс аумағында әртүрлі жұмыстар істеліп жатыр. Сондай іс-шараларға шаһардың қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан туған жер перзенттерінің қатысуы ерекше әсер қалдырады. Туған өлкені түлету жолында тер төккен тұлғалардың естеліктері жас өскіндер үшін қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Еңбек ерлерінің есімдерін жаңғырту мақсатында Қостанай облысының Еңбек даңқы кітабы дайындалып жатқаны да белгілі. Кейінгі толқынға өнегелі ісімен үлгі болған еңбекқор жерлерестеріміздің арасында Социалистік Еңбек Ері Вера Сидорованың өзіндік орны бар. Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген агрономы Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының сессиясына арнайы келіп қатысты. Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов дала төсінде түлеген еңбек ерін Құрмет грамотасымен марапаттап, гүл шоқтарын ұсынды.

– Агроном ретіндегі алғашқы қадамымды Қостанай даласында бастадым. Қостанай және Таран аудандарында кезінде қолға алынған жұмыстар жергілікті халық пен билік басшыларының қолдауынсыз жүзеге аспаған болар еді. Сондықтан, облыс халқының алдында бас иемін. Қазақстан халқы Ассамблеясы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылды. Шағын ұйым тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қарқынды жұмыс істеді. Бұл күндері бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделіне айналып отыр. Мен Қостанай тұрғындарының бейбітшілік бесігінде тербеліп, ауызбіршілікте өмір сүргенін қалаймын. Бірлігі бекем елдің келешегі жарқын, – деді Социалистік Еңбек Ері Вера Сидорова.

Құрметті ардагер өз сөзінде тың игеру жылдары атқарған қызметі мен алған марапаттары туралы естелік айтты. Сессия барысында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Гүлвира Құдайқұлова баяндама жасады. Ал облыстық ҚХА жанындағы ғылыми-сараптамалық топтың жетекшісі Әлімжан Бекмағамбетов, өңірдегі "Аналар кеңесінің" төрайымы Лилия Саркисян, "Бірлік" өзірбайжан этномәдени бірлестігі жастар қанатының төрайымы Зүлфия Нәбиева сөз сөйледі.

– Бір шаңырақ астына жиналған әртүрлі этнос өкілдері ел бірлігінің арқасында тамаша табыстарға қол жеткізді. Тұрақтылық пен келісім әр азаматтың, әр басшының күн сайынғы жұмысы. XXI ғасырдың басты заңы – татулық. Бұл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың біздің алдымызға қойған басты тапсырмасы. Ендігі жерде мемлекеттік саясат ел бірлігін нығайта отырып, стратегиялық даму бағдарламасын іске асыруға бағытталуы тиіс, – деді өңір басшысы Архимед Мұхамбетов.

Биыл ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аталып өтеді. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің озық үлгісіне айналды. Қазіргі уақытта Қостанай облысында жүзден астам этнос өкілдері өмір сүруде. Сондай-ақ, 18 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ел бірлігін ту еткен этномәдени бірлестіктердің жанынан жексенбілік мектептер ашылған. Онда әр этностың ана тілін, мәдениетін мен әдебиетін оқытады.

Сессия соңында облыс әкімі А.Мұхамбетов Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан бір топ азаматты ҚХА, Қостанай облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және мақтау қағазымен марапаттады.

**Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

## ● ӘЛЕМНІҢ ӘМІРШІСІ – ЕҢБЕК

## Кезек — облыс орталығында

**Кенже**  
**ҚОНЫСБАЙ**

Қостанай облысының құрылғанына 80 жыл толуын мерекелеу аясында қолға алынған "Еңбек Даңқы кітабы" өңірдегі елді мекендерді аралап, еңбек ерлерінің есімін ұлықтауды жалғастыруда. Өткен ғасырда Қостанай облысының негізін қалап, экономикасының шарықтап дамуына себепкер болғандардың маңдай тері ескеріліп, келешек ұрпақтың жадында жаңғырып тұрмақ. Кезінде астықты аймақ Қостанай жері ауылшаруашылығы саласындағы үздік нәтижесі үшін екі рет Ленин орденімен марапатталған еді. Сол құрметке жетуге талай қостанайлық еңбеккерлердің маңдай тері сіңді.

7 маусым күні айтулы жинақты Қостанай ауданы Федоров ауданынан қабылдап алған болатын. Сол эстафета енді салтанатты түрде облыс орталығына тапсырылды. Мерекелік іс-шараға Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов, аудан әкімі Тәуба Исабаев, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мәжит Шуленов, облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин мен Қостанай облыстық мұрағат және құжаттама басқармасының басшысы Гүлжан Меңдекенова қатысты.

Осы ауданнан 300-ден астам еңбеккер жинаққа кіріп отыр. Мәселен, Жомарт Жүргінбаев, Роман Пономарев, Иван Вечтейн сынды азаматтардың елеулі істерін бүкіл облыс жұртшылығы біледі. Аудан әкімі Тәуба Исабаев өз баяндамасында Қостанай ауданының еңбеккерлеріне арналаған жеке жинақ жарық көретінін де айтты. Әр қайсысының еңбек жолы бір-бір кітап десе де артық емес. Себебі, олардың жүздеріндегі қатпар қыртыстан-ақ адал еңбекті көруге болады. Ақсақалдар кезіндегі бейнеттің зейнетін көріп отыр. Сол кісілерге қарап еріксіз сүйсінесің.

Еңбек ерлерінің есімі аталып, құрметтелген соң іс-шара мерекелік концертке ұласты. Салтанатқа тыңғылықты дайындалған аудан өнерпаздары көрермен қауымды өнерлерімен бір серпілтіп тастады. Қазақ, орыс, украин

халықтарының ұлттық әуендері сырқалып, қариялар қуа-нышқа кенелді. Осы даңқ эстафетасының әнұранына айналған "Қырманға кел, қалқатай" әнін жергілікті әншілер нақышына келтіре орындады.

Бытыр бастау алған игі



жоба осылайша мәреге бір табан жақын қалды. Аманатты қабылдап алған Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов облыс орталығында да осы кітапқа есімі енгуге лайық еңбеккерлер бар екенін тілге тиек етті. Облыстың 80 жылдық мерейтойына орайластырып "Еңбек Даңқы кітабының" құрметіне кең көлемде салтанатты жиын өтеді.

**Суретті түсірген Алмас БАТЫРХАН.**

## ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# Жаз жайрандап келгенде...

**Гүлназым САҒИТОВА**

Облыс әкімдігінде аймақ басшысының орынбасары Марат Жүндібаевтың төрағалығымен өткен жасөспірімдер ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысында екі мәселе қаралды. Біріншісі – 2016 жылғы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, екіншісі – жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін ұйымдастырудың шаралары туралы. Жиынға осы мәселелерге қатысты барлық мемлекеттік органдардың жетекшілері, балалардың жазғы демалыс лагерлерінің директорлары, аудан әкімдерінің орынбасарлары мен облыстық, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері қатысты.

Бүгінгі таңда облыстық білім басқармасының жетекшісі Б.Даумованың айтуынша, өңірімізде балалардың он үш жазғы демалыс лагері жұмыс істейді, олардың тоғызы мемлекеттік болса, төртеуі жекеменшік. Балалардың жазғы демалысымен, сауықтырумен он мыңға жуық бала қамтылмақ, түрлі бағыттағы палаталық, тіл, дебаттық, әскери-патриоттық, орман шаруашылығы жазғы демалыс лагерлері және мектеп жанында жазғы демалыс-сауықтыру алаңдары жұмыс істейтін болады. Балалар үйі мен мектеп-интернаттар тәрбиеленушілерінің де жазғы демалысы ұмыт қалған жоқ, мысалы, Қостанай балалар үйінің, №1 Рудный түзету мектеп-интернатының, №2 Қостанай түзету мектеп-интернатының тәрбиеленушілері өздерінің "Алтын гүл", "Лесная сказка", генерал Бакиров атындағы демалыс базаларында демалады. Ал, облыстағы басқа өздерінің базалары жоқ балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілерінің жазғы демалысы мен денсаулықтарын сауықтыру үшін облыстық бюджеттен 85,5 млн. теңге бөлініп отыр. Көпбалалы, тұрмысы жағынан аз қамтылған отбасы балалары (12 мыңға жуық бала) да жазғы демалыс пен денсаулықтарын сауықтырудан сырт қалмайды, осы мақсатта қала, аудан бюджетінен 41 млн. теңгеден аса қаржы бөлінді. Облысымыздың бір топ балалары "Бөбек", "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру демалыс орындарында демалады. Барлық дерлік балалардың жазғы демалыс лагерлері медициналық қызметкерлермен толықтай қамтамасыз етілген.

– Дегенмен, облысымыздағы бірқатар балалардың жазғы демалыс лагерлеріне жөндеу жұмыстары қажет. Мәселен, Әуликөл ауданындағы "Достық" балалардың жазғы демалыс лагері сонау 1963 жылдан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген,

Лисаков қаласындағы "Алый парусқа", генерал Бакиров атындағы лагерлеріне, атап айтқанда, төбе шатырларын, корпустары мен асханаларына жөндеу жұмыстары қажет-ақ. Байланыс жоқ. Өткен жылы он төрт балалардың жазғы демалыс лагері жұмыс істеген-ді, үстіміздегі жылы Рудныйдағы "Чайка" демалыс лагерінің жұмысы әзірше тоқтап тұр, қаржы қажет. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарын жүргізбесек, келешекте біртіндеп балалардың жазғы демалыс лагерлерінің барының қатары сиреп қалуы мүмкін. Балалардың жазғы демалысы мен денсаулықтарын сауықтыру мақсатында "Алтын гүл" демалыс базасын жыл бойғы демалыс орнына айналдыруға мүмкіндік бар, қалаға да жақын, – деді облыстық білім басқармасының жетекшісі Б.Даумова.

Ал, Лисаков қаласындағы жасөспірімдердің құқығын қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы Д.Найденовтың айтуынша, балалардың қалыпты демалуларына барлық жағдайлар жасалынып, тиісті қаржы бөлінеді, әйтсе де, кейбір шешімін күткен мәселелер де жоқ емес-ті, балалардың демалыс лагерлерінің демалатын корпустарына, асханаларына, инженерлік желілеріне жөндеу жұмыстары қажет, ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де жоқ емес-ті.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мен денсаулығын сауықтыру барысында Қостанай облысындағы тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің жетекшісі В.Нечитайлоның айтуынша, жоғарыда айтылған он үш балалардың жазғы демалыс лагерлерінің, мәселен, балаларды қабылдау үшін лагердің дайындығы әртүрлі болды. Атап айтқанда, жазғы демалыс лагері балаларды қабылдауға барлық жағынан даяр деген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы қажет, міне, осы қорытындыны жазғы демалыс лагерлерінің алтауы уақытында алса, төртеуі жазғы демалыс лагерлері маусымның ашылуына бір күн қалғанда, ал, екеуі ашылған күні алды. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмысында басқа да кемшіліктер бар, мысалы, тамақтың, ауызсудың сапасы, кейде лагерьде жұмыс істейтін қызметкерлердің құрамында білімі жоқ мамандар жұмыс істейді. Облысымыздағы балалардың жазғы демалыс лагерлерінің 30 пайызына ауызсу тасымалданып өкелінеді. Алты лагерьде шомылатын жер бар, онда жұмыс істейтін құтқарушылар ерікті екен.

Жиын барысында ішкі істер, төтенше жағдайлар департаменттерінің өкілдері де сөйледі, олар да өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын, мысалы, бақылау-руқсатнамалық тәртіпнеме

енгізу секілді жеткізді.

Облысымыздағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру барысында атқарылатын барлық жұмысты баяндаған баяндамашыларды тыңдай отырып, аймақ басшысының орынбасары Марат Жүндібаевтың айтуынша, ең алдымен қай жұмыс болмасын сараптама жүргізе отырып, атқаруымыз қажет, айтылған кемшіліктер дер кезінде болмаса да біртіндеп шешімін табады, лагерлердегі балалардың қауіпсіздік шараларын күшейту керек.

– Рас, облыстағы балалардың жазғы демалыс лагерлеріне көп жылдардан бері жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ, кейбір демалыс лагерлеріне ауызсу тасымалданып өкелінеді, асхана, жатын корпустарын, жиназдарды жаңарту, электрмен қамтамасыз ету, төбе шатырын жөндеу секілді мәселелер де жоқ емес-ті. Балаларға арналған жаңа жазғы демалыс лагерлерінің құрылысы салынбасы анық, бірақ қол қусырып отырмауымыз керек, аз да болса қаржы табу жағын қарастырып, біртіндеп жөндеу жұмыстарын жүргізуіміз керек. Сондықтан балалардың жазғы демалыс лагерлерінің жетекшілерінің естеріне саларым, жөндеу жұмыстарын жүргізуіміз үшін мүмкіндікті пайдалануымыз қажет, мысалы, үкіметіміздің "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасы бар. Неге соны пайдаланбасқа, сметалық құжаттар жобасын жасап, сол бағдарламаға қатысып, қаржы алудың мүмкіндігін таппасқа. Ана лагерьге, мына лагерьге жөндеу жұмыстары қажет дегеннен гөрі, тиісті құжаттарды дайындап, аз болса да осы бағдарламаны пайдаланып, қаржы алуымыз қажет, міне, осы жағын ойлаңыздар. Бағдарламаға еніп ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін көтеп емес, аз болса да қаржы бөлініп жатса, өте жақсы. Білім басқармасы осы айтылғандарға сараптама жасап, қай лагерьдің жобасын бағдарламаға енгізу жағын қарастыргандарыңыз жөн. Сонымен бірге лагерлерге ауызсу тасымалданып өкелінеді дедік, оны жоққа шығармаймыз. Аймақтағы елді мекендердің кейбіреуіне де ауызсу тасымалданып жеткізіледі, ең алдымен бізге керегі – сол ауыз судың сапасы. Міне, осыған және бақылау-қадағалау жұмысына көңіл бөлу керек. Және де балалардың жазғы демалыс лагерлерінің даярлығы, оны ұйымдастыру туралы осы тұрғыдағы жиынды маусым айында емес, қайта наурыз-сәуір айларында өткізуіміз керек, сонда қай жазғы лагерьдің дайындығы қандай екендігін көреміз, әрі жазғы демалыс лагерь директорларының жауапкершілігі арта-тын болады, – деді облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев.

## Тобыл - Торғай тынысы

**Олжалы оралды**

**Облыс.** Таразда мектеп оқушылары арасында гір спортынан өткен республикалық жарыста қостанайлықтар топ жарды. 11 облыстан жүзден астам спортшы қатысқан бәсекеде ұлдар жеті, қыздар төрт салмақ дәрежесі бойынша сынға түскен. Командалық есепте ең көп ұпай жинаған Қостанай облысы бірінші орынға ие болды.

**Алда – алаң иелері**

**Рудный.** "Горняк" стадионында "Тың-2016" XXXI облыстық спартакиадасы бағдарламасы аясында футболдан аймақтық жарыс өтті. Бұл іріктеу кезеңіне Әуликөл, Мендікара, Сарыкөл, Қамысты аудандары мен Рудный, Лисаков қалалары қатысты. Қорытындысында "Аят" СК ойыншыларынан құралған алаң иелері алдарына қара салмады. Жеңімпаз атанып, облыстық спартакиаданың финалдық айналымына жолдама алды.

**Біз лагерьге барамыз...**

**Лисаков.** Қалада балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жергілікті қазынадан 5 млн. 349 мың теңге бөлінді. Бюджет есебінен көпбалалы және аз қамтылған отбасынан 344 бала мектеп маңылық лагерлерде сауықтырылған. Ал жалпы қала аумағында "Жаз лэнд", "Мүрагер", "Қыпшақ", "Алқызыл желкен" және бес үйірме жұмыс істейді. Жергілікті билік өкілдерінің есебінше, кішкентай қала тұрғындарының 90 пайызы қамтылмақ.

**Жұбайдың құны – 70 мың**

**Арқалық.** 60 жастағы күйеуін тапсырыспен өлтірмекші болған азаматша 20 жылға қамауға алынуы мүмкін. 54 жастағы әйел жұбайының өмірін 70 мың теңгеге саудалаған. Жасырын ақпарат қалалық полиция бөлімшесіне келіп түседі. Тәртіп сақшысы жалған жендет болып барып, әйелмен танысады. Әуелі 50 мың теңге сұрап, қалғанын істі тындырған соң алатын болып келіседі. Операция толығымен бейне және аудио бақылауда болды. Күдікті "жендетпен" есеп айырысып жатқан жерінде тұтқындалды.

**Қиыршық тас қиыр аспақ**

**Тараң.** Валерьянов ауылындағы былтыр іске қосылған "Первомай қиыршық тас зауыты" ЖШС-нің қуаттылығы арта түскен. Жылына 1 млн. дайын өнім бере алады. Өнімдеріне сұраныс облыстағы барлық кәсіпорындар тарапынан түседі. Сондай-ақ, ресейлік компаниялардан тапсырыс түсе бастады. Зауыт басшылығы Кеден одағындағы елдермен қызметтестік орнатуға ықтиярлы. Былтырдың өзінде компания салық төлеу арқылы облыс бюджетін 6,4 млн. теңгеге толықтырды. 38 адамды жұмыспен қамтып отыр.

**Бекеттің бергі бетінде...**

**Қарабалық.** Шекарашылар екі бірдей есірткі тасымалына тосқауыл қойды. "Қайрақ-авто" бақылау-өткізу бекетінде "BA3-2170" автокөлігімен Ресейге өтпекші болған күдікті қызметтік иттің көмегімен ұсталды. Міндетті тінту барысында қазақстандық азаматтың көлігінен 30 грамм марихуана әшкереленді. Келесі оқиға "Обаған-авто" бақылау-өткізу бекетінде тіркелді. "Лисаков-Түмен" бағытындағы жолаушылар автобусында Антон есімді қазақстандық тұтылды. Бұл жолы да тіміскішіл иттердің көмегі тиді. Ол шекарада 10 грамм марихуана алып өтпекші болған.

**Стадионның сәні кіреді**

**Аманкелді.** Облыстық "Көркейе бер, Қостанай!" акциясы аясында аудан орталығында спорт мектебі жөнделуде. Стадионды көріктендіруге жергілікті кәсіпкерлер қаражат бөлген. Жоспар бойынша, жасанды футбол алаңы төселіп, шағын футбол залының аясы кеңейтілмек. Тозығы жеткен мүліктер мен құрал-жабдықтар алмастырылмақшы.

● БҮГІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

# Әскери кафедра ашылады

Ол Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жұмыс істейтін болады



Қазақстан Республикасының Президенті, Қарулы Күштердің Бас Қолбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылдың 18 ақпанында Қорғаныс министрлігінің алқа отырысында, азаматтық әлеуетті пайдалану бойынша жоғары оқу орындары үшін әскери кадрларды даярлау жөнінде айтқан тапсырысын орындау мақсатында 2016 жылдың басында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің келісімімен Атырау, Қостанай және Алматы облыстарындағы азаматтық мемлекеттік ЖОО-да әскери кафедраны құру туралы ұсыныс жасалды. Үкімет отырысында запастағы офицерлерді даярлайтын әскери кафедраны құру туралы шешім мақұлданып, қабылданды. Әскери кадрларды біздің өңірде даярлаудың басты мақсаты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің әскери оқытылған қорын нығайту болып табылады.

Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес осы жылы Солтүстік Қазақстан өңірінің ЖОО-ы ретінде Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің негізінде, запастағы офицерлерді даярлайтын, әскери кафедра құрылып жатыр. Қорғаныс министрлігінің бұйрығы нәтижесінде мемлекеттік тапсырыстың саны және ақылы негізде оқу мүмкіндігіне ие болғандардың саны айқындалады.

Университет негізінде ашылып жатқан әскери кафедра Қорғаныс министрлігінің келісімімен штаттық кестемен құрылып жатыр. Штат кестесіне әскери кафедраның жетекші кадрлары кіреді. Оқытушылар құрамына 20 жылдық тәжірибесі бар, әскери қызметте жұмыс жасаған, жақсы мінездеме беріліп, қызметтен босатылған, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің офицерлері қабылданатын болады. Әскери кафедраның штаттық біліктілік санаты запастағы офицерлер даярланатын әскери есеп мамандықтарына сәйкес болуы керек. Бүгінгі күнде біздің әскери кафедра үшін запастағы офицерлерді даярлайтын мотоатқыштар бөлімшесі, саясат және тәрбие

тағы офицерлер даярланатын әскери есеп мамандықтарына сәйкес болуы керек. Бүгінгі күнде біздің әскери кафедра үшін запастағы офицерлерді даярлайтын мотоатқыштар бөлімшесі, саясат және тәрбие



жұмыстары бойынша командирлердің орынбасарларын, қарулы күштердің байланыс қызметкерлерін, әскери есеп мамандықтарын даярлау алдын-ала белгіленді. Ұсынылып отырған үш бағыт, алдағы уақытта өзгертілуі мүмкін. Әскери кафедраның штат қызметкерлерін жұмысқа қабылдаудың тәртібі, Қарулы күштердің запастағы офицерлер және әскери қызметтен шынайы өтіп жатқан офицерлер болып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен университет басшысының шешімімен айқындалады.

Әскери кафедраға дене дайлығынан және психологиялық сынақтамадан, әскери-дәрігерлік комиссияның іріктеу кезеңдерінен өткен және байқау негізінде бірінші курсты тәмамдаған, белгіленген орындарды есепке ала отырып, студенттер қабылданады. Әскери кафедраның бірінші курсына қабылдау комиссияның құрамына университет басшысы, университет факультеттерінің өкілдері, әскери кафедраның өкілдері және Қорғаныс министрлігінің өкілдері кіреді. Қорғаныс министрлігі оқуға ақы төлеуді өзі белгілейді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2015 жылдың 11 маусымындағы №329 бұйрығына сәйкес, әскери кафедра ашылып жатқан ЖОО-ы үшін, орындар саны білім беру тапсырысының 70 %-н құрайды, ал қалған орындар, әскери кафедрасы жоқ, басқа ЖОО-на ұсынылады. Әскери кафедраға тексерістен өткен, бірінші курс оқуын бітірген студенттер қабылданып болады. Әскери кафедраның оқу бағдарламасы екінші курстан басталып, үшінші курска дейінгі әскери оқу жиынмен аяқталады. Әскери кафедраға түскен студенттер міндетті түрде Қостанай қаласында әскери есепте тұру қажет. Медициналық куәлігінде оң нәтижелері болуы керек. Кәсіби-психологиялық іріктеуі оқуға түсудің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Оқуға түсуші студенттердің көрсеткіштерді тапсыруы және дене дайындығы нормативтері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес бекітілген. Сондай-ақ, әскери кафедраға 27 жастан аспаған, тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана түсе алады. Әскери кафедраны тәмамдаған студенттер кафедраның нормативтері бойынша мемлекеттік емтихан тапсырып, әскери оқудың іріктеуінен өтеді. Төртінші курсты аяқтап, азаматтық мамандықтар бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсырғаннан кейін, оларға лейтенант атағы беріліп, әскери билет ұсынылады. Осы түлектер офицер атағын алғаннан кейін, өз азаматтық мамандықтары бойынша қызмет жасай алады. Алайда, Қорғаныс Министрлігінің белгілі бір жағдайларына сәйкес оқу жиындарына немесе әскери қалыптасуларына шақыртылуы мүмкін.

Әскери кафедраға шын мәнінде үздік және жақсы бағаға оқып жүрген, денсаулық, психологиялық сынақтамасы, дене дайындығы және қоғамдық саяси өмірге қатысуы туралы тиісті сипаттамалары бар студенттер қабылданатынын тағы да айтып, ескертіп кеткен жөн. Әскери кафедраға кез келген емес, тек айтылған талаптарға сәйкес келетін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицер атағына ие бола алатын, тек лайықты студенттер ғана түсе алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде әскери кафедраны құру" туралы Қаулының қабылдануы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін әскери кадрлар даярлап, әскери құрылымдардың ықпалын күшейтіп, аумақтық қорғанысты арттыру мүмкіндігін береді.

**Хұсайын УӘЛИЕВ,**  
**Ахмет Байтұрсынов**  
**атындағы**  
**Қостанай мемлекеттік**  
**университетінің ректоры.**

● Ы.АЛТЫНСАРИН – 175 ЖЫЛ

## Білімге шақырған ұстаз



Қазақ халқының көрнекті педагог-ағартушысы, Ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына байланысты Қостанай құрылыс колледжінде "Өнер-білім бар жұрттар" атты дөңгелек үстел болып өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – Ы.Алтынсариннің әдеби мұрасын насихаттау, қазақ балаларын білім алуға шақырып, кәсіби білім берудің негізін қалауда үлкен рөл атқарған ағартушыны сан қырынан таныту.

Дөңгелек үстел көрнекті жерлесіміздің өмірі мен қызметін таныстыру тренингісімен басталды. Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайының ғылыми-ағарту бөлімінің меңгерушісі Б.Айғожина және ұстаз атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы К.Измайлова қазақ елінің ағарту саласында Ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің ерекше орын алатындығы, қазақтың ұл-қыздарына арнап мектеп ашудағы рөлі, шығармалары еңбекке, білім мен ілім алуға, адамгершілікке, тәрбиелікке үндейтіні туралы айта келіп, педагогтың өмірі мен шығармашылығына арналған көрмелерін қатысушылардың назарына ұсынды.

– Мақтаныш тұтар жерлесіміз, ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің кезінде айтып кеткен педагогикалық ой-пікірлері өзінің мән-мағынасын жоғалтқан жоқ. Ұстаздың бүкіл ғұмыры мектеп ашуға арналды, қазақ балаларын білім алуға, кәсіптік мамандықты игеруге шақырды, оқу-әдістемелік құралдар жазды, мектеп үшін жақсы мұғалімдерді даярлау керектігін айтқанды. Ал, осы айтқандарының бәрі де бүгінгі күні өзекті. Білім саласына білікті педагогтар керек

пе, керек. Еліміздің экономикалық дамуына техникалық яғни кәсіптік мамандықтарға ие болған мамандар керек пе, керек. Ы.Алтынсарин қазақ халқының болашағы үшін оқулық ретінде "Қазақ хрестоматиясын" жазған болатын. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: "Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шықпалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім..." – деп тұжырымдаған, сондықтан әрбір білім беру саласындағы маман үшін асыл мұра деп айтуға болады, – деді құрылыс колледжі директордың оқу жөніндегі орынбасары Ғалия Сұлтанова.

Жиынға қатысушылар Ыбырай Алтынсариннің танымал өлең жолдарынан алынған "Өнер-білім бар жұрттар" атты тақырыптың өзектілігін атап кетті. Колледж директоры А.Шамшин, Рудный индустриалдық институтының аға оқытушылары С.Юнисова, Д.Тәжібаева сол секілді Челябинск қатынас жолдары институты УрҚЖМУ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары О.Микрюкова, жауапты хатшы С.Зацепин өз сөздерінде ағартушы-педагогтың педагогикалық көзқарасы, балаларды оқуға тарту, оларға лайықты білім беру сонымен бірге білікті ұстаз-тәлімгер даярлау, жақсы әдістемелік, дидактикалық оқу құралдары қажеттігі, балаларға білім беру үшін жақсы оқу әдісі, ғылыми басшылық жасау туралы өткен ғасырда айтқаны қазіргі 21 ғасырда да өзінің өзектілігін жоғалтпағандығын атап кетті. Дөңгелек үстел аясында сонымен қатар студент жастар ұстаздың өлеңдерін де оқыды.

**Г. БАДАҚҚЫЗЫ.**

**СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.**

# «Қазақстан-Қостанай»:

Нұржан МҰХАМЕДЖАНОВА,  
«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма Төрайымы:

## Көрермендердің көзайымына айналған...

1991 жылы еліміздің Тәуелсіздігімен тұспа-тұс Жамбыл, Көкшетау, Атырау облыстарымен бір мезгілде Қостанай облыстық телерадиокомпаниясының да іргесі қаланған болатын. Жаңа арнаны аяққа нық тұрғызуда республикаға белгілі әріптес ағаларымыз Бақытжан Нұрмұхамедов, Нұрхан Ислямиев, Әуесхан Мадин, Қуанышбай Ормановтардың орасан зор еңбегі бүгінгі жастарға үлгі.

Сондай-ақ, сол жылдары Геннадий Кригер, Елена Штинова, Манарбек Қазин, Жанұзақ Аязбеков секілді телевизия саласы майталмандарының телеарнаны білікті мамандармен толықтырып, дамытуға қосқан үлестері ұмытылған жоқ.

Өткен ширек ғасыр ішінде Сіздердің телеарна өзіндік шығармашылық үрдістері қалыптасқан, өңірге, елімізге танымал ақпарат құралына айналды. Ұжымның «Тобыл таңы», «Бірінші студия», «Тартылыс күші», «Даму дінгектері», «00:00» – сынды бағдарламалары аймақ кеңістігінен асып, «Отау-TV» спутниктік желісі арқылы бүкіл қазақстандық телекөрермендерінің көзайымына айналды.

## • АРДАГЕРЛЕР АЙТАДЫ

Кенжебек УКИН,  
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы  
1992-1993 жылдары Қостанай облысы әкімдігінің басшысы қызметін атқарған.

## «Тұңғыш телестудияның ашылуы елеулі оқиға болды»

1992 жылы тұңғыш рет облыстық телестудия ашылды. Ол кезде мен облыс әкімі болатынмын. Облыстық Кеңестің төрағасы Николай Князев еді. Өзге өңірлердің басым бөлігінде телехабарлар тарату орталығы бұрыннан бар. Дәл осындай орталықтың біздің өңірге де қажеттілігі сезілді. Бірақ, Қостанайда бос ғимарат болмады. Неге екені белгісіз, маған дейінгі кісілер бұл туралы мүлде ойласпаса керек. Мен сол уақытта ҚР Ақпарат және байланыс министрі болған Қуаныш Сұлтановты жақсы танытынмын. Былайша айтқанда, досжар, аралас-құралас болған азамат. Бұйымтайымды сол кісіге айтып едім, обалы не керек, өтінішімді жерге тастаған жоқ. «Егер қандайда бір ғимарат тауып, телестудияға лайық көріп отырсаңыздар, қарсылығым жоқ. Қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз», – деді ол.

Содан бірде қазіргі Қайырбеков көшесінің бойында орналасқан телемұнараның маңайын қарап жүрсем, жол құрылысы мекемесінің кеңсесі бос тұр екен. Алматыдан арнайы мамандарды шақыртып, әлгі нысанға телестудия жабдықтарын орнатқыздық. Осылайша, облыстық телеарна өмірге келген еді. Көпке ұзатпай оны салтанатты түрде ашып бердік. Бұл облыс тарихындағы елеулі оқиға болғаны сөзсіз.


## • ЖАҢА КІТАП

## «Көк сандықтың күмбірі»

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толады. Қостанай облыстық «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының да алғаш хабар тарата бастағанына осынша уақыт өтіпті.

Мерейтой қарсаңында телеарна ұжымы «Көк сандықтың күмбірі» – Темір ТВ» атты альманах шығарды. Оқырманға ұсынылып отырған бұл ұжымдық жинақ – альманахқа телерадиожурналистика саласында тер төккен, облыстық телевизияның аяғына нық тұруына өз үлесін қосқан аға ұрпақтың өнегелі өмірі мен тағылымды шығармашылығы, бүгінгі жас буынның теле-тынысы және тырнақалды әдеби туындылары топтастырылыпты.

## • ТЕЛЕӨНДІРІС ТАРЛАНДАРЫ



Қуанышбай ОРМАНОВ,  
1988-1996 жылдары Қазақ ССР Мемлекеттік Телерадио комитеті төрағасының орынбасары – Қазақ радиосының Бас директоры;  
1996-2000 жылдары Қостанай облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы:

## «Қостанайлықтар өмірінің шынайы айнасы болсын!»

25 жыл өтіпті. Не бір қиындықтар мен қызықты жайлар бастан кешірдік. Кезі келгенде мен де бұл компанияны бес-алты жылдай басқардым. Басқалармен таласып жүріп, бүгінгі отырған телекомплекс ғимаратын да алған едік. Телехабар көлемін бірнеше есе көбейткен жылдарымыз да бар. Жарнамадан тапқан табысымызды тірнектеп жинап, қажетті техниканы да өз қаражатымызға сатып алған кезіміз де болды.

Құдайға шүкір, теледидарымыз қазір қай жағынан болса да республикада алдыңғы қатарда келеді.

Қостанай облыстық теледидарында еңбек етіп жүрген жас іні-қарындастарымызға шығармашылық табыс тілеймін! Эфирге дайындаған хабарларыңыз шыншыл, сыншыл, қай жағынан болса да мазмұнды, терең ойлы, әсерлі, қызықты бола берсін! Хабарларыңды көрген ел таңдана, тамсана қарайтын болсын! Қостанай теледидары қостанайлықтар өмірінің шынайы айнасы болсын!



Әлібек ТАТАНОВ,  
«Қазақстан-Қостанай» ОТРК директоры:

## «Журналист – ұдайы ізденістің адамы»

Өз басым қашанда білікті кадрларды бағалаймын. Өз жұмысына жетік әріптестерімді үнемі қолдаймын. Қолынан іс келмейтіндер жайлы әңгіме бөлек. Дарынсыздарға, қабілетсіздерге қай шығармашылық мекемелерінде болсын орын жоқ екендігі айтпаса да түсінікті емес пе?

Көрермендер өте талғампаз келеді. Жұртшылық күнделікті «Тобыл таңы», «Бірінші студия» деп аталатын танымдық-тағылымдық бағдарламалардың қос тілде жүргізіліп жатқандығын байқаған да болар. Сонымен қатар «36,6», «Ажар», «ДАМА-фон», «Тартылыс күші», «Қазына», «Жұлдыз-ай» секілді денсаулық саласына, қыз-келіншектерге арналған, ғалымдардың жетістіктері мен өміріне бағышталған, қостанайлық ақын-жазушылар, суретшілер жөнінде сыр шертетін және балаларға берері мол хабарларды жұртшылық назарына ұсынып келеміз.

Жалпы, біздің жұмысымыздың жандануына «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы және облыстық әкімдік қолдау көрсетіп отырғанын айтқым келеді.



Күлтай ӘБДІРАХМАНОВА,  
«Қазақстан-Қостанай» телеарнасы директорының орынбасары-Бас редакторы. Телеарнадағы «Парасат», «Айтарым бар...», «Біздің елдің жігіттері» хабарларының авторы және жүргізушісі:


## «Тележурналистика – жаныма жақын»

Уақыт зымырап өтіп жатыр... Көзді ашып-жұмғанша журналистикаға келгеніме де ширек ғасырдан асыпты. Журналистика – қиын өнер! Сырт қарағанда, еш қиындығы жоқ болып көрінетін бұл саланың қыр-сыры жетерлік. Адамдар санасына ой салатын, азаматтық ұстаным мен әр пенденің өзіндік МЕНІН қалыптастыратын өте кірпияз мамандық.

Мен, осы жиырма бес жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрі – газет, радио, телевизия мектептерінен өткен екенмін. Әрине, соның ішінде жаныма жақыны – тележурналистика. Осы салада қызмет істей жүріп, өмірдің қайнаған ортасында болдым, шыңдалдым. Біліктілерден білмегенімді сұрап, білгенімді кейінгі буынға үйреттім. Біздің де алдымызда айтары бар аға-апалар болды. Әрине, солардан кісілік пен кішілікті үйрендік.

1998 жылы осы қарашаырақтың қасиетті табалдырығын аттағанда телеарна басшысы Қуаныш Орманов, бас редакторы Жанұзақ Аязбеков ағаларымыз болатын. Жәкен: «сені аудандық газеттен білемін, газетте істеген адамға біздің жұмыс қиын емес», – деп сеніммен қатар жауапкершілік те артқан еді. Осылай, дүние дөңгеленіп, басшылар да легімен ауысып жатты. Әрине, әрқайсының өзіндік қолтаңбасы, кісілік келбеті болды.

Соңғы үш жыл көлемінде жаңа басшы Әлібек Татановтың келуімен ОТРК-ның жаңа стратегиялық жоспары жасалып, өзіндік бет-бейнесі жаңарып, жаңғырған заманауи телеарна жас мамандармен толығып, тың бетбұрыс жасалғандығы жасырын емес. Әлібек Жартайұлы өзіне де, өзгеге де тыным бермейтін, үнемі ізденіс үстіндегі креативті басшы. Телеарна уақыт талабына сай жабдықталып, жаңа форматта, жаңа технологиямен жұмыс істеуде. Биыл киелі шаңырақтың ширек ғасырлық тарихынан сыр шертетін мұражай, көрермендердің қолдауымен қоғамдық кітапхана ашылды. Ал, телеарнадағы баспасөз клубы өткен жылдан бері облыстағы барлық бұқаралық ақпарат құралдарының басын қосып, көкейкесті мәселелерге жауап алатын ақпарат алаңына айналды. Иә, айта берсек мақтан тұтар мамандар да, жақсы хабарлар да баршылық.



# Кеше және бүгін

**Ләззат ЖАЙЫНБАЕВА,**  
1990-2000 жылдары Қостанай облыстық теле-  
радиокомпаниясының дикторы, режиссері және аға  
режиссері болып еңбек етті. ҚР Премьер-министрі  
баспасөз қызметінің бас сарапшысы:

## «Бай тәжірибе жинақтадым»



Мен Қостанай облыстық теледи-  
дары ұжымында 1992 жылдан 2001  
жылға дейін жұмыс істедім. Алғашқы-  
да дикторлық қызметке алынған бо-  
латыным.

Жергілікті газеттен дикторлық  
конкурсқа хабарландыру жария-  
ланғанын көріп, мен де қатыстым.  
Бірнеше күннен кейін облыстық те-  
ледидардың аға редакторы Нағашыбай Мұқатов ағамыз  
шақырып алып, конкурстан өткенімді айтты. Бірақ, мені  
дикторлық қызметтен гөрі кадрдың сыртындағы режиссер-  
лық жұмыс қызықтыра бастады. Эфирдегі жұмысым аяқта-  
лысымен студиядан шығып, пульте отырған режиссерларға  
келіп, кешкі жаңалықтардың эфирге шығарылып жатқанын  
тамашалап, таңданатын едім. Қаншама техника, қаншама  
адам үн-түнсіз бір ғана режиссердің командасына бағына-  
тын. Пульте жұмыс істеуді меңгеріп алған соң, режиссерлік  
қызметті атқара бастадым.

Кейінгі жылдары Астана қаласындағы республикалық  
бірнеше телеарналарда бас режиссер болып қызмет істедім.  
Барлығында Қостанай облыстық теледидарында жинаған  
бай тәжірибем арқа сүйер тірегім болды.



**Дулат НҮРКИН,**  
2005-2009 жылдары «Қазақстан-Қостанай» телеар-  
насының редакторы болып еңбек етті. Қазір «Қазақстан»  
РТРК редактор-сценарисі:

## «Үлкен тәрбие мектебі!»



«Қазақстан-Қостанай» телеарнасы  
мен үшін қарашаңырақ. Арнаға 2005  
жылы келдім. Айбек Қадірұлы, Мағауия  
Қалиев, Дәуренбек Әбдібек сынды қа-  
бырғалы журналистердің кәсіби һәм  
өмір мектебінен өттім. Жаңалықтар  
бөлімінің тілшісі, кейін жүргізушісі бол-  
дым. Журналистикадағы іргетасымды

қалаған телеарнаны 25 жылдық құрылған күнімен шын жүрек-  
тен құттықтаймын!  
12 жыл өтсе де, алғашқы жасаған стендап әлі күнге дейін  
есімде. Лисаков мешітінің алдында тұрып, 30 градус аязда  
10-15 дубльден жазып едік. Ұжым өте ұйымшыл болды. Сол  
кезеңде жұмыс істеген аға-әпкелер білген-түйгендерін біздерге  
үйретуден аянбады.



**Болатбек САНЕЙ,**  
«Қазақстан-Қостанай» телеарнасының бас режиссері.  
Облыстық және республикалық телебайқаулардың жүл-  
дегері:

## «Экранға эстетика, этика және элегия қажет...»



Телевизия – түрлі сиқырға толы ерек-  
ше әлем. Оның табиғатын түсінген адам  
ғана онда қалтқысыз еңбек ете алады.  
Диктор, журналист пен оператордың  
қызметін барлығы жақсы біледі. Ал, те-  
лережиссер деген кім? Оның міндеттері  
мен негізгі жұмысы қандай? Оларды  
бағдарламаның, тікелей эфирдің «жан  
бітірушісі», «қолдаушысы» деп те атайды.  
Үнемі тың идеялар мен ізденіс үстінде  
жүреді. Өйткені, режиссура – өзіне тән ерекшелігі жетерлік,  
қиын да қызықты өнер.

Әрбір адам үшін бақыт – сүйікті ісімен айналысу, ал, ол мен  
үшін – режиссура. Неге бақыт? Себебі, сен бағдарлама немесе  
деректі фильм жасаған кезде, идеяның шынайы өмірге ұласуы-  
на мүмкіндік бересің, ең бастысы өзіңнің көрермендеріңмен  
бөлісу мүмкіндігін аласың.

### ● ЖЫР ЖОЛДАРЫ

**Қабылахат СЕЙДАХМЕТОВ,**  
«Қазақстан-Қостанай» телеарнасының редакторы. Рес-  
публикалық және облыстық телебайқаулардың жүлдегері.  
Екі әдеби жинақ пен «Ақ келін» драмасының авторы.  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



## АҚЫН ЖАНЫ...

Талантқа тарпаң мінез жарасады,  
Таңырқап, тоғышар жан қарасады.  
Таудан аққан екпінді селдей сөзбен,  
Тәңірінің өзі-дағы санасады.

Ақын көңіл-бейне бір көктем күні,  
Шуақ туса, жадырап жайнар гүлі.  
Шамырқанып, мінсе шабыт қанатына,  
Құйылар қаламынан жүрек сыры.

Ақын кейде қорғансыз, әлсіз бала,  
Өмірге бейне қадам басқан жаңа.  
Қуат алып, сезімнен серпілгенде,  
Ақын- алып, тұңғиық, шексіз дана...

Ақын-жүрек жауқазын гүлдей нәзік,  
Мұң еседі, сағыныш күйін жазып.  
Шымырлап, ет жүрегі езіледі,  
Қайнарынан бұлақ-жыр, көзін ашып.

Өмір неге аясыз өктем еді?...  
Көп екен ғой асуы, өткелегі.  
Сәби жүрек ақындар күтер аңсап,  
Қуат қосар сезімге көктемнені...

### ● ЖАС БУЫН СӨЗ АЛАДЫ

**Айдын ШӘЙКЕНОВ,**  
«Қазақстан-Қостанай» телеарнасы «Жаңалықтар»  
редакциясының редакторы:

## «Мамандығым – мақтанышым!»

Қазақтың қарымды қаламгері,  
қоғам қайраткері – Шерхан Мұрта-  
за БАҚ өкілдері жайлы былай деген  
екен: «Журналистердің жегені – жан-  
тақ, арқалағаны – алтын!». Орынды ой.  
Өйткені, өздеріңіз көріп жүргендей,  
ақпарат тарату саласының қайбір  
өкілі болмасын, өзі жетпеген жерге  
көзін жеткізіп, қоғамда көрініс тапқан  
кез келген оқиғаның ақ-қарасын ажы-  
ратып, анық-қанығына барып, болған жайтты бұқпасыз-боя-  
масыз баяндайды.

Өмір бойы меңгеретін мамандықты серік еткен жаңалық  
жаршылары ел назарын кез келген тақырыптағы ақпарат-  
тармен өзіне қарата біледі. Саясаттың да сыни тұстарын сөз  
етеді, мәдениеттің де маржандарын мәлімдейді, әдебиет  
әлемін де әспеттейді. «Өнердің алды – қызыл тіл» деген  
мақалдың мағынасына мейлінше мән берген мамандар  
құр бос сөзден гөрі, қонымды ақпар, тұщымды пікір қа-  
лыптастыру қағидасын қаперге қондырған. Мамандығым  
– мақтанышым деушілердің бірі, міне, манадан бері сөз  
етіліп отырған, қызығы мен шыжығы мол кәсіптің алтын  
кілтіне қол жеткізген «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының  
«Жаңалықтар» бөлімінің өкілдері.



**Айдана ӨМІРЖАНОВА,**  
«Қазақстан-Қостанай» телеарнасының редакторы, «Арқа әуендері»,  
«Тобыл таңы» бағдарламаларының жүргізушісі:

## «Музыка – балалық шағымның арманы!»

2015 жылдың қарашасында «Қазақстан-Қостанай»  
телеарнасының жүргізушісі Бауыржан Бөгенбай «Терме»  
тақырыбында әңгіме өрбітуге таңғы ақпаратты-сазды  
«Тобыл таңы» бағдарламасына қонаққа шақырды.

Тәуелсіздіктің құрдасы, 25 жылдық тарихы бар «Қа-  
зақстан-Қостанай» телеарнасына осылай келдім. Теле-  
арнамен байланыстырған да өнерім, биіктерге жетелейтін  
де өнерім! Осы өнерімнің арқасында жерлес композитор-  
лармен жақын араласып, шығармашылығымды шыңдап

### ● ТЕЛЕӨНДІРІС ТАРЛАНДАРЫ



жүрмін. Мені алғаш телекөрерменге  
танытқан «Тобыл таңы» бағдарлама-  
сын бүгінгі күні өзім жүргізіп жүрмін.  
Өзім секілді басқа таланттардың көзін ашсам деген  
ниетпен, әрқашан жас өнерпаздарды студиямызға шақы-  
рамыз. Авторлық «Арқа әуендері» бағдарламасы, «Жеті  
муза», «Әуендер әлемінде...» айдарлары менің жанымға  
жақын музамен байланысты. Өйткені, менің өмірімнің  
мәні – өнерім! Мен өміріме, өнеріме сенемін!



## ● ЖЫР – ГАУҺАР

Төлеген АЙБЕРГЕНОВ

Бір тойым  
бар

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,  
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.  
Бірақ... бірақ...  
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.  
Онда ортаға тасталар ұран сондай:  
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай,  
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,  
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...  
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,  
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.  
Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,  
Ақ көңілімен қуаныш бүртігіндей,  
Омырауынан бір тәуір шайқап есіп,  
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.  
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,  
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!  
Бәйгі берем жығылған палуанға да,  
Адалдығы сезіліп тұрар болса.  
Қыз қуатын жігітке ат беремін,  
Жанам деген жүрекке от беремін.  
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді  
Бір тамаша той қылып өткеремін.  
Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,  
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.  
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,  
Қазанымда бір асым ет қалмауын,  
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,  
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.  
Кім білсін талай күнгі арманым еді,  
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.



## ● АРДАГЕРІМІЗ – АРДАҒЫМЫЗ

## Сарғайған дәптерден...

Жас адам әр нәрсеге еліктегіш келмей ме, кезінде біз де  
ән айттық, сурет салдық, мақала жаздық, өлең шығардық.  
Жақында жеке мұрағатымнан баяғы шумақтарымның  
табылғаны. Қуанышымды бөлісу мақсатында әлгі топтаманы  
рухани жан досым «Қостанай таңына» ұсынып отырмын.

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Ал, кәне, тағы аспаннан,  
Құт болып қоншы, Жаңа жыл.  
Шабыт кернеп кеудемді,  
Көмейден төгіл, жаңа жыр.

Пай-пай, ғажап дүние-ай!  
Кеңдігіңе қуанам.  
Бойыма қуат құйғандай,  
Жүрегім атша тулаған.

Жердің де үсті ілезде,  
Құлпырып кетті күйменен.  
Сезімдер шалқып теңіздей,  
Жан-жағым түгел гүлдеген.

Мақта-бұлттай жөңкіліп,  
Өтеді жылжып жылдарым.  
Өмірден түйген тәлімім,  
Сонда әрі небір сырларым.

Тек қарадай қысылмай,  
Барымды берсем еліме.

Ұшырған бала құсындай,  
Өсірген жоқ па мені де.

Жырымды қалт жібермей  
оқырсыңдар,  
Ұнағанын жадыға тоқырсыңдар.  
Кетсе егер ішінде болбыр жолдар,  
Ағысқа ілескен толқын шығар.

Жігіт болсам, қыздарға қырындаған,  
Жастықтың буы ғой ол дуылдаған.  
Аңқылдаған мінезім орға жықпас,  
Тілеулесім өкпелемеген бұрын маған.

Көкте жүзіп барады,  
Баяу ғана ай.  
Сүйіктімнің жанары,  
От жағылғандай.

Шуақ шашып жаным,  
Тербеді мені.  
Көңілімнің бағына,  
Құс боп енеді.

Күмістей ақ маңдайын,  
Сүйеп төсіме.  
Әңгімесін шертеді,  
Кейде көсіле.

Күлгені де әдемі,  
Жас күндей жайдары.  
Қылығымен тамсантып,  
Мені жіпсіз байлады.

Ағыл-тегіл тілектер,  
Алға қолды сермедік.  
Айқасып білек-білекке,  
Шыңға қарай өрледік.

Қандай ыстық балдәурен,  
Бейне әлемді құшқандай.  
Бүгінде сол күндерім,  
Көзден бал-бұл ұшқандай.

Торғай селосы, 1960 ж.

Ескерту: сурет сол жылдары  
түсірілген.

Шақшақ  
Жәнібектің  
батасы

Жәнібек батырдың әкесі  
Бердәулет арғынның қаракесек  
руынан шыққан Қазыбек бидің  
қызымен үйленгеннен кейін, бір-  
неше жыл бала көрмей жүріп,  
соңында Жәнібекті көріпті. Пер-  
зентке зар ата-ана жас нәрес-  
тенің шілдехана тойын жасап,  
болашақ батырдың алғашқы  
таңын әнмен атырады. Әйел-  
дерді шақырып, қалжасын беріп,  
ат шаптырып, бесік тойын жасай-  
ды. Әкесі Бердәулет баласына  
ат қойғызарда арғынның шақшақ  
руынан шыққан қарт Жәнібекті

жорықтан келе жатқан жолынан  
түсіп сәлем береді де, қуанышты  
көңіл-күйін айтады. Балаға зар  
болып жүрген Бердәулеттің тіле-  
гіне бар ықыласын берген Шақ-  
шақ Жәнібек оның үйіне түседі.  
Қуанышты ата-ана ағынан ақта-  
рылып, адал ниетімен «ақ сар-  
бас» айтып, қойын сойып, қарсы  
алады. Ақ күндекті ана мен айыр  
бөрікті ата аяулы көретін аруақты  
батыр Шақшақ Жәнібектен:

– Баламызға ат қойып беріп,  
аруағыңызбен қорғай жүріңіз,  
– деп тілек етеді. Ата-ананың

қуанышынан жүрегі тебіренген  
батыр бесікті алып, бесік көр-  
пені ашып, балпанақтай баланы  
көріп, тебірене бата беріп былай  
дейді:

– Керей деген елің көп,  
Ел айналар шешен бол.  
Жағаласар жауың көп,  
Жауға шапсаң, есер бол!  
Ел ішінде дауың көп,  
Жұрт алдында көсем бол!  
Жабылған жауды жапырып,  
Шайқасқанда есен бол.  
Жекеге шықсаң желденіп,  
Жауыңның басын кесер бол!  
Сонан соң бетін сипайды да,  
ата мен анаға қарап:

– Бесігін көтергенде көңілім  
толды, өз атымды қояйын, аты  
Жәнібек болсын! Біреулерге  
атын ататып боқатпа, ат жалын  
тартып мінгенде алған бетінен  
тоқтатпа, – депті.

## Өткенге келмейді шағынғым...

Сыналған сәтін бағымның,  
Өткенге келмейді шағынғым.  
Құс қанатымен ұшқан жылдардан  
Жастығымды аңсап, сағындым.

Аллаға шүкір!  
Кенде емес,  
Ғұмырым шыққан сан белес.  
Жылжиды уақыт сынаптай,  
Бұл өмір өтер...  
Мәңгі емес!

Балдәурен жастық шақтардың,  
Қызығын есте сақтармын.  
Жолыңа сенің, жиырма бес,  
Қайта айналып соқпармын...

Өткенімді жатыр сұрап кім?  
Бірде қуанып, бірде жылаппын.

Тағдырымның сипай басынан,  
Өзімді сонда жұбаттым.

Білмеген жайым-күйімнің,  
Туған жоқ...  
Өттең, күйіндім.  
Қол ұшын бермес соларға,  
Келмейді енді иілгім.

Жалғыздың шаңын шықпаған,  
Басынан кешпес ұқпаған.  
Ащының дәмін біледі,  
Өмірден өзі ұрттаған.

Үмітпен алға ұмтылдым,  
Кемшілігін түзеп іші-сыртымның.  
Жарыммен бірге қартайып,  
Қарасы көбейді жұртымның!

## ЭЛЕГИЯ

Ақын болып жазғам жоқ жырды жарқын,  
Бастық болып көргем жоқ жүзі салқын.  
Занды бұзып көргем жоқ  
Сақшы болдым,  
«Қызыл жаға» деп,  
Таниды мені халқым.

Жалғаған екі ғасыр өткелімін,  
Мен – ғасырдың өткенімін.  
Жыртып алар жылтізбенің  
Алпыс төрт рет жыртылған «беттерімін».

Санамнан мен қалайша сырғытамын,  
Ақындықты өзімше пір тұтамын.  
Мен үшін әзірше арман шығар,  
Сөрелерде жататын бір кітабым.

Сағидолла КӘКІМБЕКОВ.

Қостанай қаласы.



# • ӘДЕБИ ӘНГІМЕ

## МІНЕЗДІ ӨЛЕҢ

Ақын, журналист, ана тілінің жанашыры Әбжан Әбілтай туралы әңгімені Қазақстанның әр қиырынан Алматыға арман қуып келген абитуриенттер өмірінен бастағанды жөн көрдім. Мұның да өзіндік себебі бар. ҚазМУ-дің болашақ журналистер даярлайтын факультетіне құжат тапсырып, жазғы демалысқа кеткен студенттер жатақханасынан орын алып, емтихан дайындығына кіріскен кезіміз.

Менің бөлмедегі бос орынға сұңғақ бойлы, қараторы өңді, көзқарасынан жанарында ұшқын оты ойнаған жігіт орналасты. Ол өзін Әбжан деп таныстырды. Әңгімесінен Қостанай облысы, Торғай өңірінің тумасы екенін, аудандық газетте жұмыс істегенін, әскери борышын өтеп қайтқаннан кейін оқуға түсуге талпынып көруге келгенін түсіндім. Менің де әскерден оралып, ауылға соқпай, Алматыға тартқан бетім. Бұл ұқсастыққа ішім жылып қалды.

Әбжан ақын сол бір жастық шақ кезеңдерін мынадай өлең жолдарымен өрнектеген еді:

Әскерден елге оралып, аман-сау қап,  
Көмейден ауыз ашсақ өлең саулап,  
Емтихан есінде ме, Мекішевке,  
Сау етіп кіріп барған кілең солдат?  
Аяқта етігіміз тағалаған,  
Артыңда өңшең бұзық қамалаған,  
Кездерің есінде ме, пәтер іздеп,  
Тастақтың көшелерін жағалаған?..

Он бес шумақтан тұратын ұзақ өлеңнен Әбжанның өр рухты қайсар мінезі қылаң беретін тұстарын әдейі келтіріп отырмын. Ақынның «Әскерден елге оралып, аман-сау қап» деп тұспалдауының да мәні бар. Тумысынан намысқой жас жігіт әскери борышын өтеушілер арасында орын алатын келеңсіз көрініс – әлімжеттікке көнбей, қызылала төбелестің неше алуаны бастан өткеріп, аман-есен елге оралғанын меңзеп отыр.

Әбжанның бойындағы осындай қайсарлыққа өзім де куә болдым. Сонда оның ақынға тән албырттығымен қоса, батырға тән өжеттігі қатар өріліп, түр-тұлғасына ерекше бір айбат беретінін аңғардым. Ол оқиға былай болған еді. Бір емтиханды ойдағыдай тапсырып, екінші сабаққа дайындалу үстіндеміз. Арасында серуен құрып, бой сергітеміз, тамақ ішуге шығамыз, ара-тұра қала аралайтын кезіміз де болады.

Алматының жанға жайлы ауасымен тыныстап, әсем көшелерін тамсана тамашалаумен жүрген күндердің бірінде алдымыздан орыс тілінде сөйлеген үш-төрт жігіт ойқаптады. Әлгілердің «қырағы» көздері біздің ауылдан келгенімізді байқап, қорқытып-үркітіп алмақ болды ма екен, әлде ұрынараға қара таппай жүрген біреулер ме, әйтеуір ойлары бұзық екендігі сөйлеген сөздерінен де, қимыл-қозғалыстарынан да көрініп тұрды. Кесе-көлденеңдеп, тоқтатып алды да, ақша сұрады. Жоқ дегенімізге құлақ асар емес. Ә дегенше апыр-топыр төбелес басталып та кетті. Қандай әдіс қолданғанын қайда, Әбжан әлігі «батырлардың» біреуін ұрып жықты. Қалғандары аужайды байқады ма, қаша ұрыс салуға кірісіп, жылыстай берді.

Әбжанның тумысынан ақын екені жүріс-тұрысынан, шалт қимылынан, сезімталдығынан, жай адам байқай бермейтін нәрседен ой түйіп, арқаланып, шабыттанып кететін мінезінен аңғарылады. Ол өзінің болашақта ие болатын журналист мамандығын өлеңге қосып, тыңдашы деп, бөлке ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, қолдарын сермелеп, ерекше шабыттанып, беріліп оқиды. Немесе «мен бүгін бір қызбен таныстым. Керемет сұлу. Соған ғашық болып, мынадай өлең шығардым, тыңдашы» деп, махаббат жырын бастап кетеді. Қысқасы, жиырмадан енді асқан, бойындағы алапат шабыт пен жастық жігер ұштасып, өзін қоярға жер таппай жүретін ақын Әбжан екеуімізге күндізгі оқу бұйырмай, сырттай оқуға түстік те, ол еліне аттанып, мен Алматыда қалып қойдым. Кейін оны Әбжан былай деп жырға қосты:

Мен сені жақсы көрдім, сен сыйладың,  
Кеудемде болғанменен сонша иманым,  
Қимады Алматыға Арқа мені,  
Сен сиған Алматыға мен симадым...

Алматыға симаған ақын Әбжанмен арақатынасымыз бәрібір үзілген жоқ. Сессияны сылтауратып астанаға соғатын ақын алдымен мені іздеп табады. Содан

кейін қала көшелерін армансыз адақтайтын хикая басталады. Әбжанда ақша көп. Күнде мейрамхана. Торғай өңірінен түлеп ұшқан ақындарға жолығады. Оларды да қарық қылады.

Осылай тойлап жүрген күндердің бірінде мен милицияның тұзағына түсіп қалдым. Бұл сырттай оқудан күндізгі оқуға енді ауысқан кезім еді. Бір топ болып дуылдап, мейрамханадан шыққанбыз. Сол топтан жырылып, милицияға қалай тап болғанымды өзім де білмеймін. Біткен жерім осы шығар, оқудан шығаратын болды-ау деп, уайымға беріліп отырғанмын. Бір кезде Әбжан кіріп келді. Не деп сөйлескендерін қайдам, әлгілердің қолына бес сом ұстатып, мені аман-есен алып шықты.

Мұның бәрін мен Әбжанның ақындығын былай қойғанда, азаматтығын, достыққа, жолдастыққа адалдығын көрсету үшін айтып отырмын. Сол адалдықтың белгісін арада ондаған жылдар өткеннен кейін ақын Әбжан тағы дәлелдеді.

Бұл кезде біздің есейіп, балалы-шағалы болып, балапан басымен, тұрымтай тұсымен жүрген кезіміз. Бір-біріміздің амандығымызды сырттай әлдекімдерден естігеніміз болмаса, жер шалғайлығынан аралас-құраластығымыз тыйылған.

Сөйтіп жүргенде астана Арқаға қоныс аударып, біз де қызмет бабымен Ақмоладан бір-ақ шықтық. Күндердің күнінде шыр ете түскен жұмыс телефоныма құлақ тосқан едім, ар жағынан қарлыға шыққан қоңыр дауыс естілді... Ақын Әбжанмен ондаған жылдардан кейін осылай кездестік.

Бүгінде ақын досымның келбетіне қарап, оның бөз-баяғы қайсар қалпын көргендей боламын. Тумысында бар өжеттік өлеңдерінде атойлап тұрғанымен, ақын жүрегінің жастыққа тән албырттықтан біртіндеп арылып, сабырлы ой мен салқын ақылға құрық тастай бастағаны аңғарылады. Ақынның соңғы жылдары жазған «Жүрекжарды», «Бүгінгі өлең», «Ардағым», «Кісілік пен кішілік» және басқа өлеңдерінен осындай пәсапалық ой түйолер байқалады. Үзінді оқып көрелік:

Адамдар, не пайда бар тірлігіңнен,  
Бір күнің айнымайды бір күніңнен,  
Өліңе ертең барар бақилықпын,  
Тіріңе түбі қимас құрбымын мен.  
Қашаннан бұзу оңай, құру қиын,  
Болмайды бастапқыдай бір бүлінген.  
Сондықтан осы бастан ойлау керек,  
Жалғауды ол ғұмырды бұл ғұмырмен.  
Алдыңда мен көрмейтін күнің жарық,  
Кемді күн жолдас болып ғұмыр дарып.  
Біреуге түз беріңдер, қыз беріңдер,  
Біріңнен хал сұраңдар бірің барып.  
Жүргенге не жетеді бұл жалғанда,  
Кездесіп, қауқылдасып, күлім қағып?  
Той өткіз тым құрығанда тай шаптырып,  
Сол тойға бірің барып, бірің қалып...

Міне, бұл – кемеліне келген, өмірге ой көзімен қараған нағыз ақынның сөз саптаулары.

Ә.Әбілтайды тумысынан ақын деп бағалайтынымыздың және бір себебі – ол өмірдің небір өткелектерінен өтсе де, небір қиындықтарды бастан кешсе де, өлеңді үнемі жанына серік етумен келеді. Көрген-білгенін, ойға түйгенін өлең жолдарына түсіріп, содан жаны рахатқа бөленетіндей. Оның өлеңдерінің тақырыптарына қарап отырып-ақ арқалы ақынның зор шабытынан нәр алғандай боласың. Ол нені жырласа да, Отанын өлеңге қосса да, досына жыр арнаса да, махаббат тақырыбын қозғаса да, табиғатқа таңырқаса да, көңілдің кейбір сәттеріне назар аударса да шабыттанып, беріле жырлайды, ұйқас-ырғақтар

үйлесім таба төгіліп, оқырманын бірден баурап әкетеді.

Әбжан Әбілтай қазір толыққан шағында. Өлеңді өміріне серік еткен, тіршілігінің мән-мағынасы жырға мықтап матауды ақынның әр жылдары «Жалын» баспасынан «Қарлығаш», «Көктем бояулары», «Жазушы» баспасынан «Жүрекжарды», «Фолиант» баспасынан «Дүниежалған», «Тіл мен жақ» атты жыр жинақтары, «Жер басып жүрген соң» атты мақалалар, сұхбаттар, рецензиялар, репортаждар қамтылған кітабы жарық көрді.

Ақын соңғы жылдары көркем аудармаға да атсалысып жүр. Ол «Мәдени мұра» бағдарламасының

«Әлем әдебиеті» сериясы бойынша француздың дүниежүзіне аты мәшһүр классик жазушысы Эмиль Золяның, орыстың ұлы жазушысы Н.В. Гогольдің бірқатар роман, повестерін, әлемге әйгілі орыс ақындары, Нобель сыйлығының лауреаты, Иосиф Бродскийдің, Евгений Евтушенконың, Андрей Вознесенскийдің, авардың ұлы ақыны Расул Гамзатовтың, тәжіктің танымал ақыны Камол Насуроллоның өлеңдері мен поэмаларын қазақ тілінде сөйлетті.

Әбжан Әбілтайдың ақындығы туралы әңгімелей отырып, оның журналистік еңбегін елемей кетуге болмайды. Керісінше, ол бозбала шағында аудандық газетте бастаған журналистік қызметін күні бүгінге дейін жалғастырумен келеді. Атап айтқанда, облыстық «Торғай таңы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып облыс тарағанша жұмыс істеді. Сонан кейінгі қызметі мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосумен жалғасып келеді. Қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі лайықты бағаланып, «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен, Құрмет грамоталарымен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Тіл жанашыры» құрмет белгісімен марапатталды.

Ә.Әбілтай соңғы жылдары шыққан бір кітабын жұбайы Бақыт Шәріпқызына арнапты. Бұл да жарасып тұр. Әбжан – ақын. Ақын адам сезімтал келеді, сері келеді. Болмашыға күйінеді, болмашыға сүйінеді. Ащы судан ұрттап алып, теңіздің суы тобығынан келмей, лепіріп, сайрандап жүретін кездері болады. Дүниені бір өзі тіреп тұрғандай болып-тола қалатын сондай бір сәттерде сабыр сақтап, отбасының шырықын бұзбай, отағасын мәмілеге шақырып, шаңырақ түтінінің түзу шығуына септесіп келе жатқан жан жары ғой.

Өткен өміріне қараса, бәрі де болған екен, бәрін де көрген екен. Басқа адамдардан айырмашылығы – өткен өмірі жыр жолдарында сайрап жатыр. Әбжанның бүкіл болмысы, жан азабы да, қуанышы да, басқа барлық көңіл-күйлері де сонда қатталған. Ақын да бір, үйінде ұрлығы жатпайтын бала да бір дейтініміз осы шығар. Ал алдағы өмірін ойша шолса, шүкір дейтіндей. Қыздары Ақмарал мен Рауан, егіз ұлдары Ғани мен Ғали бүгінде бірі бойжетіп, бірі ержетіп, ата-аналарының қолғанаты болуға жарап қалды. Ақмарал өзінің жолын қуған журналист, коммерциялық теледидар басшыларының бірі, Рауан мәдениет саласының белді қызметкері, Ғани мен Ғали да жоғары оқу орындарын бітіріп, өз салалары бойынша еңбек етіп жүр.

Жұбайы Бақыттың, өзегін жарып шыққан балаларының арқасында өмір қырына шығып, айналаға қырандай көз тастаған Әбжан бұған дән риза. Көтеріңкі көңілі шабытқа бөленгенде ақын Әбжан өзінің осындай абырой биігіне көтерілгеніне көп үлес қосқан жан жары Бақытқа өлеңдер тізбегін арнапты. Солардың кейбіреуінде ақын былай деп шабыттана жырлайды:

Махаббатты тәңір тұтам,

Пір көрем,

Айту оны мүмкін емес тілменен,

Сондықтан да сүйемін деп мен сені,

Айқайлаған жоқпын ешбір мінбеден...

Немесе:

Бақтайлағым, ақ тайлағым, Бағжаным,

Көңілің шат, жарық болсын жан-жағың.

Тағдыр жазып, тәңір қосқан жан жарым,

Мұны жазған – Бальзак емес, Әбжанның...

Әмәндә бағың басыңда, Бақыттың мен балаларың қасыңда болсын, асыл дос!

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,  
филология ғылымдарының кандидаты.

## ● КЕЛБЕТ

## ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛАН

## Есет Мұсағұлов туралы сөз

Қыдырбек  
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Кеңестік заманның халқы ұлтына емес, партияға қызмет етуге тиіс болды. Әсіресе, басшылық лауазымдарда отырғандар тек социалистік идеологияны ғана дәріптеді. Бірақ соған қарамастан, өзінің туған халқына деген сүйіспеншілігін, адалдығын іспен көрсеткен жандар баршылық. Осындай азаматтың бірі деп табандылығымен өзінен жоғары басшыларды мойындатқан жерлесіміз Есет Мұсағұловты атар едік.

## Еңбекке ерте қайрапған

Есет Мұсағұловты 1936 жылы Меңдіқара ауданының Тұрымбай ауылында туған. Көмпескелеу жылдарында әкесі отбасын алып, еріксіз көршілес Қорған облысына көшуге мәжбүр болыпты. Бірақ 1934 жылы өзінің ағайындарымен елге қайта оралған екен. Ол кезде Талапкер колхозының құрылған уақыты да, Мұсағұл шаруашылыққа басшы болады. 1943 жылы Есет бірінші сыныпқа барады. Сол жылы қыста мұғалімі қайтыс болып, оқуы тоқтап қалады. Келесі оқу жылын Меңдіқарадағы орыс мектебінде жалғастыруға тура келеді. Жеті сыныпты бітіріп, аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищеге түскен екен.

Алғашқы еңбек жолын Қамыстыкөлдегі жетіжылдық қазақ мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болудан бастап, 1957-1960 жылдар аралығында жаңадан құрылған "Қаратал" кеңшарында хатшы, бөлімше бастығы, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1958 жылы Қазақстан комсомолы IX съезінің делегаты. 1960 жылы Меңдіқара аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. 1963-1967 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, "Қаратал" кеңшарының партком хатшысы.

Ол заманда аудандық атқару комитетінің басшылары арасында қазақ ұлтынан санаулы ғана адам екен. Олардың барлығы ешкімнің демеуінсіз, Орталық партия комитетіне өздерін жақсы қырынан, еңбекқорлығымен мойындатқандар. Сондай талапшыл, жаңашыл, бастамашыл басшылардың қатарында Есет Мұсағұлов та бар еді. Өзінің шыншылдығымен, қайтпас мінезімен аудан, облыс басшыларын мойындата бастаған шағы, міне, сол қылшылдаған дәурені еді. Облыста отырған басшылардың көзіне түскен жас талапқа үлкен даңғыл жол ашылды. Алғашқы қадамдардың бірі 1971 жылы Алматыдағы партия мектебіне жіберіледі:

— Партия мектебіне барамын деген ойымда болған жоқ. Ол кезде облысты А.Бородин басқаратын. Бірде сол бірінші хатшы шақырып жатыр деген соң, орталыққа келдім. Бородинге кірдім. Байқаймын, алдында менің жеке ісім жатыр. Маған қарады да, "Есет, ауылда отыра бергенің жарамас, партияның жоғарғы мектебіне оқуға барасың" деді. Ол кезде мен бөлімше басқарамын әрі ауыл шаруашылық институтында сырттай оқып жүргенмін. "Андрей Михайлович, диплом алуыма бір жыл қалды. Оның үстіне партия жұмысынан гөрі шаруашылық жұмыстарында істегім келеді" дедім. "Бұл Орталық Комитеттің тапсырмасы, қалай да барасың!" дегеннен қайтпады. Артынан естимін, Дінмұхамед Қонаев облыстарға "арнайы партия мектебіне қазақ азаматтарынан алынсын" деген тапсырма беріпті. "Жолдама алатын төрт адамның үшеуі қазақ болсын" деп

және шегелеп көрсеткен екен хатта. Міне, ұлтжанды азамат! Ал ол кезде ондай оқуға бару оңай емес, сенің бүкіл өмірбаяңды аудан, облыста, республикада тексереді, мінездеменді қарайды. Сол жолы Димекеңнің пәрменімен басталған жаңа өмір жолым жаман болған жоқ.

Партия басшылығын  
мойындату да — батылдық

Әрине, саяси оқуды бітіріп келген Есет Мұсағұлов облыстық партия комитетіне нұсқаушы қызметіне жіберілді. Ол кезде ұлттық кадр саясаты тікелей Орталық Комитеттің назарында. Дегенмен Есет те алдыңғы буын ағалары, ел азаматтары Әубәкір Қасымқанов, Оразалы Қозыбаев, Қасымбек Бұхметов қатарлы ұлтжанды азаматтардан көп жақсылық көргенін айтады. Ол кісілер "Есет, сенің мінезің өткір, тіліп айтатының бар, ондайда сақ бол" дейді екен. Бір жағы Мұсағұлов өзінің мықтылығын тік мінезімен дәлелдеген адам. Оған кейін облысты басқарған В.Демиденко "Есет Мусагулович, у вас резкое суждение. Это в нашей жизни не приветствуется" деп ескерту жасаған екен.

1971-1978 жылдары Орджоникидзе аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1978-1983 жылдары Ұзынкөл аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған жылдар Есет Мұсағұлов үшін нағыз шарық болаттай қайралған кезең. Бірде облыстың бірінші хатшысы А.Бородин шақырып алады да, Орджоникидзе (қазіргі Денисов — Қ.Қ.) ауданына екінші хатшы болып баратынын айтып, сол ауданның басшысына қоңырау соғып, "Мұсағұлов сендерге баруға келісіп отыр" депті. Бір жағы облыс басшысының шешіміне қарсы ештеңе айта алмайсың. Бар деген жеріне үндемей бару керек. Әйтпесе, партбилетінді тартып алады — бітті, одан кейін саған жұмыс бермейді. Екіншіден, бұл жас маманның облыс басшысының сеніміне кіргендік.

Бородиннен кейін басшы болып келген адуынды мінезді В.Демиденко кадрларды карта сапырғандай ауыстырып, екі-үш айдан кейін аудандарды аралауға шығады. Ол кезде Есет Мұсағұлов Ұзынкөл ауданында атқару комитетінің төрағасы екен. Дәл Демиденконың тұсында Ұзынкөлге де бірінші хатшы тұрақтамапты:

— Өңірге келген сапарында біздің ауданның бірінші хатшысы ауырып қалған еді, Демиденконы мен қарсы алдым. Ауылдарды аралаттым. Ананы, мынаны көп сұрады. Бөріне жауап бердім. Ұзынкөлде түнеді де, келесі күні кетті. Артынан аудан басшыларын бір-бірден шақыра бастады.

Мен де алдына бардым. Ол кісі маған қызмет ұсынғысы келген екен. Мен керісінше, сырқаттанып жүргенімді айтып, жұмыстан босатып, қаладан баспана беруін сұрадым. Ол маған "бір қыс шыда, ауданның жаңа басшысына өңірді таныстыр, қолғабысыңды тигіз, содан кейін ойланамыз" деді. Артынан естідім, ол мені Сарыкөлге басшы қылып жібергісі келген екен. Бірақ жағдайымды білген соң қалада жаңадан салынып жатқан үйден төрт бөлмелі пәтер берді.

"Газет Жангисин, Мұсағұлов,  
Молдахметовтің меншігі емес"

Есет Мұсағұлов — "Қостанай таңымен" "Большевиктік жол" кезінен бірге жасасып келе жатқан оқырманымыз ғана емес, газеттің шынайы жанашыры. Орджоникидзе ауданында екінші хатшы болып жүргенде "Коммунизм таңы" газетіне сол ауданның тумасы Бақытжан Жангисин басшылық еткен кез екен. Сол тұста Орджоникидзе және Таран аудандарына меншікті тілші болып соғыс ардагері, журналист Молдахмет Фалымжанов тағайындалады. Бірде сол ағамыз газетке жаздыруды сұрап Есет Мұсағұловтың алдына келеді.

— Совхоз, колхоздар газетке қанша жаздырады деп санатсам, аудан көлемінде жүзден аспады. Онда халықтың 12 пайызы ғана қазақ болатын. Өз елімізде ана тілді басылымның осыншама аз таралғанына намыстанып кеттім. Нұсқаушыны шақырып, ауылдардың, бөлімшелердің басшыларына тікелей қоңырау шалып, барлық мекемеге "Коммунизм таңына" жазылуды міндеттеттім. Сөздің шыны керек, біраз басшыларды сілкілеп алдым. Бір қарасақ, ауданда таралым 1000 данаға дейін көтеріліпті, — дейді сол уақытты есіне алған Есағамыз, — Артынша "Бұл халықтың, партияның басылымы емес, Жангисин, Мұсағұлов, Молдахметовтің жеке газеті болып кетті" деп үстімнен ұлтшылдық деген арыз қарша борады. Обкомнан қоңырау шалынып, "Неге ұлтшылдыққа барасың?" деп айыптағанда, "Газет ұлттық тілде шықса да, партияның идеологиясын қолдайды, жұмысын жазады, көрсетеді, ал неге сол партияның газетіне жазылмасқа?" деп жауап айтып барып құтылдым.

Тәуелсіздік алған жылдардың басында газет таралымы азайғаны жұрттың есінде. Ал Есет Мұсағұловтың сол кезде өзінің туған өңірі Меңдіқарадағы елді мекендердің зейнеткерлерінің тізімін алдыртып, 120 дана газет жаздырып бергізгенін ел ұмытпайды.

Тоқсаныншы жылдар басы барлық затың тапшы болғаны есімізде. Газетіміздің бас редакторының бірінші орынбасары

Сәлім Меңдібай осы лауазымына дәл сол тұста тағайындалды. Қызметпен қоса, астына "Волга" көлігі бірге беріліпті. Енді сол темір тұлпарын мінейін десе, доңғалағы болмай қалған ғой. Сол жолы облыста мемлекеттік сақтандыру корпорациясын басқарып отырған Есет ағамыз Сәлім інісіне төрт жаңа доңғалақ тауып беріп тұрып, "мынау бесінші доңғалақ, қызметіңе көрімдігім болсын" деп ағынан жарылған екен. Газетке, шығармашыл азаматтарға жан-тәнімен жанашыр болды деген осы емес пе!

Айтпақшы, Есет ағамыздың туған күні мен газеттің шыққан уақыты да бір күнде — 25 маусым. Басылымның 94 жылдығымен бірге ағамыз мерейлі 80 жасқа толып отыр.

## Кинодан шыққан дау

Жетпісінші жылдары қазақ өнерінде шоқтығы биік "Қыз Жібек" фильмі жарыққа шыққанмен, ол халыққа, әсіресе, байырғы ұлтының үлесі аз Қостанай өңірінде кең көлемде көрсетілген жоқ. Ал Орджоникидзе ауданына жылына қазақтілді бір-екі кино ғана келеді екен. "Қыз Жібекті" көргіміз келеді деп ауданның ақсақалдары екінші хатшыға келеді ғой. Е.Мұсағұлов облыстық кино саласына жауапты басқармаға шығып, жаңа туындыны алдыртады:

— Бірінші хатшыға ескертіп қойдым. Ұлты басқа болғанмен, ол да кино көруге барамын дейді. Ендігі мәселе — ауылдардан көрермен жинау. Автобустарды кезектен тыс ауылдарға жұмсауға тура келді. Оларға "көрермен әкелесіңдер, кино біткесін, қайтадан апарып тастайсыңдар" деп тапсырма бердім. "Ұлтқа бөлмендер, бірақ кино қазақ тілінде болады деп айтыңдар" дедім. Екі күн бойы фильмді тегін айналдырдық. Бір қызығы, түрлі-түсті киноны қазақтармен қатар басқа ұлттың өкілдері де қызықтап, тамашалады. Артынан тағы да "Мұсағұлов ұлттық киноны тегін ұйымдастырды" деп үстімнен арыз түсті. Сонда істің мән-жайын сұрастырып білген Бородин арызды алып, "Киноға тек қазақтар ғана барған жоқ, бауырлас ұлттар да болыпты ғой" деп арызды жыртып-жыртып лақтырып жіберген дейді.

Сексенінде де  
сапауатты өмір жолында

Есет ағамыз кеңестік партияға табандай 30 жыл қызметін арнаған жан. Қазір де аттан түскен жоқ, сақтандыру мекемесіне жетекшілік етіп отыр. Ұзақ жылғы атқарған жемісті еңбегі үшін орден-медалдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен екі мәрте марапатталды. Жұбайы Зора Сексенбайқызы да көп жылдан бері сақтандыру саласында басшы қызметінде. Балалары ел қатарлы еңбек етіп жүрсе, немерелерінің алды қызметте, кейінгілері республикамыздан асып, шетелдің озық оқу орындарында білім алуда.

Мерейтой иесі сексенге келсе де, сапауатты өмір салтынан қол үзген жоқ. Футбол, волейбол ойнаудан қалыспайды. Мұсағұл өлетінін жиені, отставкадағы полковник Амангелді Меңдібаев Есет нағашысының бала күнінде шаңғы теуіп, елді қайран қылғанын ұмытқан емеспін дейді:

— Ол кезде Талапкер ауылына нағашымының үйіне демалуға барғанда, ол кісілердің маған велосипед алып бергені — есімнен кетпеген бір қуаныш. Сондай-ақ Есет нағашымда зат тапшы заманда доп болды, соны күні бойы қуалап ойнағаным маз болатынын. Ал ол кісі Меңдіқарада оқып жүргенде, қыстың күні елу шақырымға таяу Талапкерге шаңғы теуіп келетін.

**СУРЕТТЕ: мемлекеттік қызмет ардагері, газетіміздің шынайы жанашыры Есет Мұсағұлов.**

**Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**



Көрнекті ақын, публицист Кеңшілік Мырзабеков тірі болғанда 70 жасқа толар еді. Ол Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Жәнібек Тархан ауылында 1946 жылдың 6 маусымында дүниеге келген. 1976 жылы С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген.

1966-89 жылдары Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы»), «Лениншіл Жас» (қазіргі «Жас Алаш»), Алматы облыстық «Жетісу», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Жазушы» баспасында, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында қызмет атқарды. Ақынның алғашқы жинағы «Іңкәр дүние» 1972 жылы баспадан шықты. Оның «Сәруар» (1980), «Революция перзенттері» (1980), «Қасиетті қас қағым» (1985), «Дәуір – дастан» (1988), «Ауыл мен астана» (1994) атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Ол Е.Евтушенконың «Менің шешем және нейтрон бомбасы», «Фуку» атты поэмаларын қазақ тіліне аударды (1989). Сондай-ақ ақынның «Іңкәр дүние» (1990), «Бір мысқал» (1996), «Жолға салдым көшімді» (2002), «Менің мұңым – махаббат» (2003) атты жыр жинақтары мен «Тың туралы толғау» (1987) секілді мақалалар, очерктер жинағы бар. Ақын, публицист Кеңшілік Мырзабеков 1989 жылы небәрі 42 жасқа жеткен шағында дүниеден өтті. Ол жайында «Қайран Кеңшілік!» атты естелік кітап жарыққа шықты (1996).



Кеңшілік Қойшығара Салғараұлы ағасымен  
«Қостанай таңы» газетінде қызметкер кезі

«...Бұл Өлең емес, Өмір! Тауан емес, Тағдыр! Шер емес, Шешім! Көсем сөйлеу емес, Көрегендік! Ғұмырының соңы немен тынарын күні бұрын біліп отырған Ақын жүрегінің аяулы да аянышты лүпілі...

Бұл – жантәсілім – шаршағандық емес, ширыққандық! Шошығандық емес, ширыққандық! Шошынғандық емес, шегіне жеткендік, шайыр тартқандық! Ол шошынбайды. Шындықтың бетіне тура қарайды. Ажалдан шындық асқан ба?! Өліп тынды емес пе, ақыры...

Осы жырлардан соң – ақын байғұсқа өлмегенде не қалсын?! Қалай шыдасын жарылып кетпей ғазиз жүрегі?! Осыдан кейін Ақынды қалайша жай пенденің біріне жатқызарсыз көзіңіз қиып?...»

**Иранбек ОРАЗБАЕВ,**  
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

«Кеңшілік шығармашылығындағы ең алдымен көзге түсетіні – тілінің құнарлылығы. Құнарлы болғанда да, түгін тартсаң май шығатындай құнарлылығы. Оның ана тіліміздің ақ уызын әбден мелдектеп еміп өскені әп дегеннен-ақ менмұндалап шыға келеді. Жосылып ағып, төгіліп құйылып, көсіліп жөңкіле жөнелетін оның өлеңдерін оқи бастағаннан-ақ бұған

## ● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛҒАЛАРЫ

# Кестелі жыр, көркем ойдың ШЕБЕРІ

## Ақын Кеңшілік Мырзабековтің туғанына 70 жыл

көзің жете түседі. Тағы да ол тіл – таңдайды қажайтын тақылдаған тіл емес, аңқыған иісі тұла бойына жайылып, серпіліп, солқылдап тұратын, күпілі қазақы болмыс пен үкілі қазақы рух сіңген табиғи тіл. Оқыған сайын даланың алып кеңістігінде аңқылдап соққан жел өтінде тұрғандай кеуден керіліп, көкірегін кеңейіп бара жатады...»

**Темірхан МЕДЕТБЕК,**  
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.



Кеңшілік Мырзабеков пен Серік Тұрғынбековтің  
балалық шағы

«Кеңшілік поэзиясында сырмақтың оюы, текеметтің түріндей соны өрнек, қанық бояу көп. Сонау 1972 жылы жарық көрген «Іңкәр дүние» атты тұңғыш жыр жинағымен-ақ елін елеңдеткен ерен ақынның ізгілік, тазалық, адалдық атаулыға іңкәр жүрегінің лүпілін сезбеу мүмкін емес еді. Әсіресе «Анар» деп аталатын өлең алғаусыз айтар сырымен, табиғи тұтастығымен сезімнің сері пернелерін тап басып, жаныңды бірде күйдіріп, бірде ысыта алатын қазақы өлең, аймаңдай жыр.»

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы  
төрағасының бірінші орынбасары.

«К.Мырзабеков өлеңінің ерекшелігі – бояуы қанық сурет-сыршылдығында, ол өзінің нәзік сезім, ойлы оралымдылығын жоғалтпайды. Әсіресе, бұл «Бір шаңырақ туралы баллада», «Әубәкір туралы элегия», «Көшу» (баллада), «Жолда», «Ақ көйлек» секілді жырларындағы жан-жүйкенді сілкер драматизм көркем тілмен екеулеп астасқанда, көз алдына тұтас бір сыршыл әлем келеді. Және ол – өлең болып өрілген уақыт тынысы, мұңды да болса, шындық шырайы.»

**Аманхан ӘЛІМ,**  
ақын, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың  
лауреаты.



Кеңшілік және Оралхан Бөкей

«...Кеңшіліктің бояулары табиғи, таза, синтетикалық сілтисі, химиялық китүрқысы жоқ. Оның өлеңдерінен жаңбырдың иісі, қырдың самалы, даланың жұпары, таудың сабатты демі, орманның шайыры есіп, жусан бүрлеп, тал көктеп, тоғай сөйлеп жатады. Тіпті, оның ақындық жүрісінің өзі ешкімге

ұқсамайтын, өзгеше болатын. Данадай өлең жазса да, баладай еркелеп, ағасын құрдас, қатарын сырлас, кішіні мұңдас етіп жіберетін ерекше мінезі бар еді. Өзін кейде тәкаппарлау ұстап келе жатып, бір сәтте мамыражай күйге түсіп, арқа-жарқа болып, кешегі жазған жырының бірер шумағын лақтырып тастап, сосын тек қана өзіне тән күлкісімен бір санқ етіп күліп алып, басын қайтадан тәкаппар ұстап, ұзай беретін.»

**Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,**  
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

«Оның іңкәрі өлең болатын. Өмірінің жалғасындай өлеңі қалды соңында.

Қолымда – Кеңшіліктің 1961 жылы қыркүйектің жиырма екісі күні бастап жазған кішкене блокноты. Одан он бес жасар баланың жүрек лүпілі, аппақ арманы сезіледі. Алғашқы махаббаты да із тастап үлгеріпті. Көз алдыма: «Қадырдан (Қадыр Мырзалиевтен) хат алдым» деп қуанып жүретін толқынды сары шашты бала келе қалады, ақша құмды Ақшығанақ ауылы, Торғай, Тосын елестеді. Топырағың неткен құнарлы



Кеңшілік пен Сейіт Кенжеахметов  
әдебиет жайында сырласуда

еді, Торғай! Кішкене дәптердің сарғыш беттеріне үңіле түстім. Кеңшілік күбірлеп өлең оқып тұрғандай. Аяғын жаңа басқан сәбидей жырлар еркелеп, сонау бір күндерге жетелейді.»

**Серікбай ОСПАҢҰЛЫ,**  
ақын, Халықаралық Жамбыл атындағы  
сыйлықтың лауреаты.



Кеңшіліктің 60 жылдығына  
орай оның атына  
Алматыдан көше берілді.  
Ақынның бала күнгі досы  
Серікбай Оспанұлы Кеңшілік  
көшесінде.


«Поэзия – имандылықтың нұрына шомылған Алланың мейірімі. Сондықтан поэзияның жұмбақ сырын сөзбен түсіндіріп беру мүмкін емес. Монтеннің сөзімен айтсақ: «Поэзия – адамның санасынан да биік құдірет». Ақынды да Алла өзінің бар екенін сездірту үшін жаратқан.

Осыдан жиырма бес жыл бұрын өмірден өткен қазақтың аса көрнекті ақыны, әкем Кеңшілік Мырзабековтың жауһар жырларын қайта бір оқып шыққанымда осындай бір ойдың мұнарына баттым.»

**Аманкелді КЕҢШІЛҚҰЛЫ,**  
сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби  
сыйлығының лауреаты.

## ● МӘСЕЛЕ

# Ресейлік режиссер келді, кетті... Не берді?



Театр маусымы аяқталып, шымылдығын да түсірді. Биылғы жылдың репертуарында небір қойылымдар болды. Ал, соңғы қойылым қатардан емес. Мұхтар Әуезовтің "Айман-Шолпаны". Атақты спектакль талай сахнада дәуірлеген, тарихы мол шығарма. Би, музыка, оркестр, дирижер... Осының бәрі де болды. Бірақ қазақтың инжу-маржанына айналған шығарманы қоюға оркестр дирижері де, музыкалық қоюшы режиссер де Ресейден алынды. Арнайы. Бұл облыстық мәдениет басқармасының жаңашылдығы болатын. Былайша айтқанда, біріккен жоба. Мұндай бастама бірінші емес. Орыс тілді оперетта көктем айларында филармония залында да қойылды. "Тойдың болғанынан боладысы қызық" деген, алдын ала жарнаманы қатырып тұрып жасадық. Бәрі тамаша, тек... Одан кейін ол шығарманы ешкім қайталап көрген емес. Жә, бастаған тақырыбымызға оралайық.

Айтолқын  
АЙҚАДАМОВА

## Премьера көңілден шықты ма?

Премьера маусым аяқталар сәтте, екі күн қатарынан қойылды. Көрермен жақсы қабылдады. Бірақ оның келешегі қандай? Алыстан келген қонақтар келді, кетті. Не берді? Қаншама шығын шыққан қойылым өзін-өзі ақтай ма? Сан сауал. Театр әртістері барын салды. Театрдың бас режиссері Ерсайын Төлеубай айтқандай: "Біздің театр музыкалық қойылымдарға арналмаған. Біріншіден, бізде арнайы әртістер жоқ, екіншіден, сахна оркестрге лайықталмаған". Бұл дайындық барысында шапқылап жүрген режиссер ағамыздың қынжылысы еді.

Осы орайда облыстық мәдениет басқармасының басшысы Л.Сероусқа басаяғы үш сауал жолдадық. 1. Ресейден арнайы мамандар шақыртып, спектакль қоюдың соншалықты қажеттілігі болды ма? 2. Аталмыш жобаға қанша қаражат жұмсалды? 3. Бұл қаражат өзін-өзі ақтай ма?

Жауап та дер уақытында келді. Бірақ біз Л.Сероустың өзінен жауап алып үлгері алмадық. Басшы бүгінде демалысқа кетіпті. Жауапты басшының орынбасары Қ.Есінтаев берді.

Жобаға 6,3 млн. теңге бөлінген. "Қойылымды сахналау барысында әртістер өздерінің актерлік шеберліктерін шыңдап, жаңа қырынан танылды, вокалдық өнерге ден қойды. Қостанай өлкесінде музыкалық драма театры болмағандықтан, алғаш рет қойылымның сахналануы жергілікті көрермен үшін де тың жаңалық болды. Әзірге тек премьерасы ғана өткендіктен, спектакльдің өзін-өзі ақтау мәселесі туралы айтуға әлі ерте, оны болашақ көрсетеді" депті.

Бұл қостанайлық көрермен үшін жаңашылдық болғаны рас. Бірақ, шын мәнісінде актерлер жаңа қырынан танылды ма? 6,3 миллион теңге дегеніміз аз ақша емес. Осынша қаражат өзін-өзі ақтайтынына өзге емес, басқарманың өзі күмәнді болып отырғанда басқа не демесін.

Дәл қазіргі уақытта қазақ театрының "атағы" жақсы жағынан шығып жатқан жоқ. "Театр да ақша жөйді екен?" деген жағымсыз ақпарат елімізге тарап та кеткен. Осын-

дай қаражат мәселесіне тіреліп отырғанда ғұмыры қысқа тағы бір жоба. Қонақтарға келсек, қаңқу сөз көп. Сөзгеніміз, ешкім де риза емес-ау шамасы. "Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт" дейтін бе еді қазақ. Жо-жоқ, пейілі кең қазақ емеспіз бе. Алыстан келген сыйлы қонаққа барынша шашылған қазақ театрының арманы жоқ шығар, сірә. Сонда жүргендер оларды "театрдың төбесінде тайраңдаған" деп баға беріп, айтар назы да бар екен.

## Театр киелі орын деуші еді...

Өкпесі қара қазандай болған кісінің бірі – театрдың бас ұйымдастырушысының көмекшісі Бану Шәріпбаева.

– Қазақ театрына былтыр ғана кірген едім. Менің міндетім – билет тарату. Бірақ театр билетін тарату оңай емес. Әр ұйымның есігін қағып, билет сатып жүргенім. Үнемі залды толтыруға барымызды саламыз. Бұл менің тікелей міндетім болған соң халықты театрға тартып, шақырғанымға қуанбасам ренжіген емеспін. Еңбегім бағалана бермейтіні болмаса. Бірақ соңғы қойылым "Айман-Шолпан" менің шыдамды тауысты. Бәрі демалысқа кеткен уақытта билет тарату қиынның-қиыны. Бірақ, көрермен көп жиналып, зал толды. Менің қынжылатыным – еңбегім еш кеткендей. Режиссер Александровский алғаш театрға келгенде күтіп алған едім, удай мас болып келді. Түсінесіз бе, алғаш келгеннен-ақ осындай болса, арты қандай болмақ деген ойда қалдым. Осындай адамға біз көрермен іздейміз. Ондай адамдар қандай қазақы қойылым қоймақ? Тағы бір келеңсіз жағдай, қойылым өткен соң ресейлік қонақтарымыз түнгі бірге дейін отырыс жасап, ішіп, мас болып үйлеріне кетті. Бұл масқара ғой. Театр жын-ойнақтың орны емес, менің білуімше.

## "Біз намысқа тырыстық"

Қойылымда басты рөлдердің бірін сомдаған театрдың белді әртісі Қонысбек Бегайдаров та жобаға қатысты қынжылысын жасыра алмады.

– Жалпы, бұл бастама жақсы. Біліктілікті Ресей мектебімен ұштастыру керек. Театр үшін жаңашылдық. Бірақ бәрі де алдын ала

ойластырылып, ақылмен шешілсе, актер де, театр да өсер еді. Өкініштісі, біз оны көре алмадық. Ресейдің режиссері әлемдік классиканы қойып жатса, құба-құп дерсің. Ал енді басқа ұлттың режиссурасы дәл "Айман-Шолпанды" қоюы қисынсыз дүние. Қазақтың ұлттық менталитеті, өзіне тән мінезі деген бар. Оны өзге ұлт түсіне ме, түсінген кезде де алып шыға ала ма? Бұл жобаны қолға алмас бұрын ойланатын маңызды сұрақ еді. Ресей мен Қостанай арасындағы біріккен жоба деді, не керек, алдын ала келісім болған соң қолға алдық.

Спектакльге тікелей Ерсайынның (театрдың бас режиссері) өзі араласты. Өзіміздің актерлар бар, бәріміз жабылып жақсы бір нұсқасын келтірдік. Сол келген ресейліктердің әкеліп бара жатқан еңбегі болды деп айта алмаймын. Новосібірден үш музыкант келді. Сонда бізде дәл соларға сай келетін музыкант жоқ па деп ойға кетесің. Ал енді өміршеңдігіне келер болсақ, музыка жазылып қойылады деп жатыр, бірақ оның әсері тым басқа болары түсінікті. Музыкалық шығарма қойып шығу оңай емес, оркестрдің талаптары жоғары. Оған арнайы орын керек, гастрольге шығарда қаншама адам, дыбыс жазатын студия... толып жатыр. Бұл қиын дүние. Әлі ойласатын тұстары көп.

Суретшіні де Астанадан шақырттық. Бірақ менің көңілім толмады. Ешбір әртістің костюмі толыққанды емес. Бар болғаны Айман-Шолпанға, Көтібарға, Арыстанға – бас аяғы 4-5 кейіпкерге киім арнайы тігілді. Қалғаны бұрынғы киімдерден құралған бірдеңелер. Бұл музыкалық драма болғандықтан, ол жеңіл, сұлу, нәзік болуы тиісті еді. Айман мен Шолпанның киімдерін қараңызшы, ауыр, еңсені басып тұрады. Көрермен көзіне жеңіл емес. Осынша қаражат бөлінген соң басынан аяғына дейін ойластырылып, мықты дүние шығаруға болатын еді. "Өттең" демеске амал жоқ. Бұл мәселе басында-ақ айтылды, мынау біздің "Ақ желең" бар, Назымбек (Молдахметов, дирижер) қатырып тұрып театрмен бірлесіп, шынымен жақсы дүние шығарар еді. Көңіл толмаған кездеріміз аз болмады. Қарап отырсақ қаншама қаражат кетті. Шындығын айтқанда, осы қаражаттың жарты құнына тамаша қойылымды сахнаға шығара алар едік.

Не десек те, қойылым шықты. Көрерменге барымызды сала отырып, жақсы спектакль ұсындық. Бұл біздің театрдың қыз-жігіттерінің зор еңбегі екенін айта кету керек. Айтпай кетпеске болмайтын, шымбайға батқан тағы бір тұсы, дайындық барысында орын алған осал тұстары да жеткілікті. Әйел адам ер адамды теуіп қалатын, ысқыратын ерсі, қазаққа тән емес, тіптен жат дүниелерге жол бермедік. Біз ұлттық болмысымызға тән емес дүниелерге қарсылық таныттық. Намысымызды қолдан бермедік.

## "Ию-қию, сандалбайдың әңгімесі болды"

Осы қойылымның басы-қасында жүрген Қазақстанның халық әртісі, қазақ драма театрының бас режиссері Ерсайын Төлеубай "Айман-Шолпанның" тарихын қозғай келе, қазіргі театр "тарихын" да жасырмады.

– "Айман-Шолпан" оқиғасы былтыр бас-талды. Оны бастаған, облыстық мәдениет басқармасының басшысы Л.Сероус. "Былыр керемет опера қойдық" деп мақтанды. Көрмесем де, "қайдағы бізге опера?" дедім де қойдым. Ойда ештеңе жоқ. Бас-қарма театрға "музыкальный бірдеңе" керек деп қоймаған соң ойласа келе "Айман-Шолпанды" қойындар дедім. Басында сырттан режиссер шақырамыз деп жүрді. Содан осы былық басталды. Музы-

калық шығарма қою үшін қаншама күш керек. Қаншама қаражат керек. Басшылық "бәрін табамыз, сізге де төлейміз, мықты дирижер де дайын" деген әңгіме айтты. Шынын айтқанда, бұның бәрі – сандалбайдың әңгімесі. Шопырымызды әлгі мықты дирижер Эхтибарды (Ахмедов, бас дирижер) алғызу үшін ит өлген жерге жіберіп, алақанға салып әкеліп жүрді. Қаншама қаражат десей! Таныстық. Өтірік айтуға болмас, жақсы дирижер екен. Бірақ қаншама музыкант керек. Ол біздегі филармонияда да жоқ. Мұндай күмәнді іс қолдан келмейтінін біліп, бас тарттым. Басшылық "Қостанайға келіп, жеті жыл қаңғып жүрген сізге баспана береміз" деп жалынып, жалпайды. Сонымен не керек, құдай берген екен деп мен де келістім. Бірақ бәрі бекер болды.

Нағыз пәле наурызда басталды. Ию-қию, театр күндіз сотта, түсте дайындықта. Театрда тергелмеген адам қалмады. Осылайша, қабаттаса жүріп, спектакльді шығардық. Енді Эхтибардың қасына Ресейден режиссер Александровскийді қосты. Не бітірді? Дым да бітірместен, қалтаға ақшаны басты да кетті. Қазақтың тілін, дәстүрін білмейтін адам салт-дәстүрге құрылған "Айман-Шолпанды" түсінуші ме еді. Осыны неге өзіміздің дирижер Назымбек Молдахметовке бермеді? Қандай дүние шығарар еді.

Мұның бәрі де қып-қызыл сандалған жанның ісі. Қазақтың күйі осы ғой. Мен халық әртісімін. Осы біздерді Ресей неге шақыртып, ақша беріп, қойылым қойғызбайды? Жо-жоқ, ондайға біздер ғана барамыз. Театрдың талқаны шықты. Бір жағы түрме, бір жағы мынау былығып жатқанымыз. Сонымен не керек, ақыр соңында Ілекеңнің, Мұхтар Әуезовтың аруағы үшін деп пьесаны қолға алып, қысқартып, адам көретіндей жағдайға келтіріп сахнаға шығардық.

Келген қонақтарымыз түске дейін жұмыс, түстен кейін сауық-сайран. Ең құрымағанда кейіпкерлерге жөні түзу костюм де тігілмеді. Қазақ "ит жоқта шошқа үреді" дейді. Енді бәрі кетті, келешегі қандай болатыны белгісіз. Театр, өнер, әдебиеттің құны төмендеп кетті. Ар-ұяттан безгендердің қолына билік беру дегеніміз бұл бір ғана жанның емес, елдің тағдырын тәлкек ету емес пе?!

**Жергілікті басшылардың біріне берген сұхбатындағы ресейлік режиссердің сөзін сол күйінде оқып көріңізші:**

"Однако существуют определенные трудности. Спектакль на казахском языке, поэтому я не всегда понимаю, о чем говорится на сцене. Не все, что можно легко сыграть в русском театре, удается поставить с казахскими артистами, потому что здесь совершенно другие традиции, – сетует режиссер Александровский. – Например, девушка по сценарию должна была толкнуть ногой мужчину, но она категорически отказалась это делать, ссылаясь на то, что у казахов так не положено. Возникли некоторые проблемы, пришлось немного переделывать этот момент. Я считаю, что если человек выбрал такую профессию, необходимо до конца вживаться в роль, позабыв обо всех ограничениях, ведь подобных сцен за всю творческую жизнь будет много".

Расымен де болды, кетті. Театрдың директоры орнынан кетіп, облыстық мәдениет басқармасының басшысы демалыста жүргенде артынан топырақ шашқанымыз артық болар, бәлкім. Бірақ ұлттық құндылығымызды бағалай білмейтін жандардың тізгінді алып, еңсені езетіні бір біздің жанымызға ғана батпайтыны анық.





## ● ТАНЫМ

## Қазақтың қаны

Медициналық тілде түсіндіретін болсақ, қан ол ағзадағы сұйық ортаның бірі саналады. Қан тамырлардың түйік жүйесін бойлай ағып, тасымалдау қызметін атқарып, барлық мүшелердің жасушаларына қоректік заттар мен оттегін жеткізеді. Сонымен қатар, тіршілік әрекетінің өнімдерін зәр шығару мүшелеріне тасымалдайды. Организмдегі биологиялық әрекетшіл заттардың гуморальдық реттелу қызметі қанның қатысуымен іске асады. Қан ағзаның инфекциядан қорғаныш реакциясын қамтамасыз етеді. Ересек адам ағзасында шамамен бес литр қан болады. Оның негізгі бөлігі жасуша аралық сұйық зат – плазмадан құралады. Тромбоциттер сүйектің кемік майындағы жасушалардан түзіледі. Олардың жетілуі, қорға жиналып, бұзылуы басқа мүшелерде өтеді. Плазма негізінде еріген органикалық және бейорганикалық заттары бар судан тұрады. Оның құрамының өзгеруі ағза үшін өте қауіпті. Қанға үздіксіз көптеген заттардың қосылуына қарамастан, плазманың құрамы өзгермейді. Плазмадағы артық заттар зәр шығару мүшелері арқылы шығарылады: қан өкпеде көмірқышқыл газынан, ал бүйректе – судың артық мөлшері мен онда еріген минералды тұздардан арылады. Қанды зерттейін ғылымды серология деп атайды, ол иммунологияның бір саласы саналады.

Шынын айту керек, біздің қазақ қоғамында бұл бағытта қандай зерттеу жүргізіп жатқанынан біз бейхабармыз. Бәлкім, бұл сала бізде көнжелеп қалған да болуы әбден мүмкін. Десе де, әлемнің кейбір елдерінде оған ерекше мән беріп қарап келеді. Әсіресе, өркениетті мемлекеттерде оған айрықша назар аударады. Әрине, біз бұл тұрғыда ешқандай шаруа атқарып жүрген жоқпыз деуіміз бекершілік болар. Қазақтың антропология саласына

өлшеусіз еңбек сіңірген Оразақ Смағұлов ағамыздың мерзімдік басылым беттерінде жарияланған мақалаларынан халқымыз туралы бірлі-жарым деректерді оқып қаламыз. Одан өзге шығып жатқан дүниелер жоқтың қасы.

Бұрынғы жылдарда өзгенің тасасында қалып келдік. Алайда, соңғы жиырма жылда біздің маңдайымызға Тәуелсіз ел атану бағы бұйырып, бүгінгі таңда жер-өлемедегі жұртқа бодандық бұғауынан босаған азат мемлекет ретінде танылып отырмыз. Бұл – біз үшін өте қуантарлық жағдай. Әрине, әрбір өзінің өткеніне үңіледі, біз бұрынғы жылдарда қандай болдық дегенге көз жіберіп қарайды. Біздің де өзгенің алдында кеуде керіп көрсететін мақтанышымыз көп-ақ. Дегенмен, біз сондай асыл дүниелердің бағасына жете алмай келе жатырмыз. Ұлтымыз үшін ұпай түгелдейтін қаншама жақсы жағдайлар бар. Соның бірі – қан тазалығы. Осыған қарамастан біздің қанымыз қандай? Біз қандай ұлттарға туысқанбыз, қан жағынан кімдер бізге жақын деген сауалдар бізді үнемі мазалайды. Осыған келгенде еріксізден күмілжіп қалатын әдетіміз тағы бар. Өйткені, қолымызда ешқандай дерек жоқ. Әңгіме айтатын болса да, құр сөзбен қуырдақ қуырмай, дерекке сүйене отырып, "Біздер осындай болғанбыз" деп ел-жұрттың алдында мөлмі етіп жатсақ, қандай ғанибет болар еді.

Антропология ғылымының ауқымы үлкен сала. Ол ана құрсағына пайда болған баладан адам қаңқасына дейін зерттей береді. Бүгінгі заманның техникасы дегеніңіз, кез-келген түйінді тақырыпты тарқатуға мүмкіндік туғызып отыр. Соның нәтижесінде пәни жалғаннан өтіп, мәңгілік мекенінде жатқан қаңқаның ол жерде қанша жатқанын тап басып айтуға әбден болады. Осындай негіздерге

сүйенген О.Смағұлов ағамыз кейбір азаматтардың қазақ деген биологиялық тұрғыда жоқ ұлт деп ауыздыға сөз бермей жүрген кейбір тоғышар пікір айтушылардың пікірін жоққа шығарады. Тіпті, ондай азаматтардың арасында біздің ұлтты моңғолдар немесе қалмақтардың ұрпағы деп айтатындар да кездеседі. Оның барлығы бекершілік екен. Ол кісі еліміздің барлық өңіріндегі қазақтардың бейнелерін, қан жүйелерін, тіс құрылыстары, тері бедерлері, дәм сезімдеріне дейін зерттеген екен. Соның нәтижесінде бір ғылыми еңбек дайындаған.

Оразақ ағамыз ұзақ жылдар бойғы еңбегінде еліміздің барлық өңірін аралап, онда тұратын адамдарды жан-жақты зерттеп қайтқан. Нәтижесінде базбіреулер айтып жүргендей, қазақтың қаны бір-біріне сәйкес келмейді емес, керісінше, олардың бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ екеніне көз жеткізген. Қазақ деген антропологиялық тұрғыдан осында 4 мың жылдан бері өмір сүріп келе жатқаны дәлелденген.

Жалпы алғанда, қазіргі қазақтардың бейнесінде көне еуропойдтық және кірмелік жасаған моңғолоидтық элементтер қатар келеді. Адамзат негізінде үш рас-саға (нәсілге) бөлінеді. Ағамыздың айтуынша, біздің ата-бабаларымыз осыдан 4 мыңдай жыл бұрын таза еуропойд болған көрінеді. Ол кісі қаңқа мен дене құрылысына келгенде бізге қырғыз бен ноғайдың жақындығын айтады. Қан жағынан бізге жақыны башқұрттар мен қалмақтар екен.

Бұл тақырыпты біз жүйелі түрде жалғастыра бергеніміз артық емес. Өйткені, сол арқылы ежелгі кезеңнен бергі бет-бей-немізді танып, ұлттық ерекшелігімізді сараптай аламыз емес пе?!

Әділжан ҰМБЕТ.



Шәкірттері мәңгі есте сақтайтын ұстаздардың бірі – Насыр Әмірхамзин болатын. Ағай жайында бүгінгі күні жиі еске алып, соңғы қоңырау жақын қалғанда сол кездің ұстаздары есіме оралады. Ол кісінің білімі мен өнегесі келер ұрпаққа үлгі боларлық тағылымы бар деп айтуға тұрарлық.

Насыр Әмірхамзин соғыс отынан жігер алып, елін сағынып оралған ағай еңбекке құлшына кіріседі. Сол кезде Аманкелді ауданына қарасты Қайғы ауылының Мереке орта мектебінде директорлық қызметін атқара жүріп, мектепті аудандағы алдыңғы қатарлы білім ошағы дәрежесіне жеткізу үшін көп еңбектенген. Осы тынымсыз еңбекқорлығы арқылы көзге түсіп, Науырзым аудандық оқу бөлімінің меңгерушілік қызметіне тағайындалып жемісті еңбек етеді.

Дәмді орта мектебіне директор болып еңбек ете жүріп, ел балаларының білім алып отырған ошағының жағдайы көп ойландырып, қажырлы еңбегінің арқасында, ауыл ардагерлерінің, ата-аналардың қолдауымен екі қабатты 480 орындық, сәулетті жаңа мектеп үйі құрылысын бастап, талапқа сай аяқтап шықты. Осы мектепте еңбек еткен 1971-1983 жылдары ағайдың алдынан қаншама шәкірттер білім нәрімен сусындады, болашаққа қанат қақты, қызметтес болып тәжірибе алмасты.

Насыр ағайдың алдынан дәріс алған оқушыларынан ол кісінің жолын жалғастырушы шәкірттері: Сыздықова Алмагүл – орыстілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

болып, оқушыларға бірнеше жыл өз білімін берген ұстаз, Ещанов Сайлаубек мұғалімдік білім алып, бірнеше жылдар өзі оқыған мектебінде қызмет атқара жүріп, өзінің жұмысқа қабілеттілігін көрсету арқылы аудандық оқу бөлімінде, одан әрі жоғарылап қазіргі уақытта облыстық мәслихатта қызмет атқаруда, Боранбаева Ажар өмір жолын өзі оқыған мектепте ұстаздықпен бастаған. Айта берсе, ағайдың алдынан өткен белгілі азаматтар көптеп саналады.

Ағайдың еңбегі сол уақыттың өзінде еленіп, 1978 жылы Қазақстан мұғалімдерінің 5 съезіне делегат болып сайланса, ал 1980 жылы оқу ағарту саласындағы көп жылғы еңбектері үшін "Қазақ ССР-ның үздік оқытушысы, 1985 жылы "Кеңес Одағының халық ағарту ісінің үздік оқытушысы" атағын алған. Бұдан басқа Ұлы Отан соғысының ардагерін елестерген еліміз Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен және өртүрлі дәрежелі 13 медаль, бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған.

Мұғалім – мамандық, ұстаздық – қасиет. Ағайдың жолын қуған баласы Ғабит Әулікөл ауданына қарасты Тимофеев ауылының Тимофеев орта мектебінде мектеп директоры қызметінде жүргенін сырттай естіп, қуанып қалдым. Жақсы ұстаздың жарқын бейнесі мыңдаған шәкірттерінің мәңгілік жүрегінде сақталмақ.

**Бахытжан РАХМЕТАЛИНА,**  
Дәмді орта мектебінің  
зейнеткер ұстазы.  
Науырзым ауданы.

**Ұлы педагог және ағартушы Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына арналған  
2016 жылғы 27 маусым – 3 шілде аралығына іс-шаралар тізбесі**

| №  | Іс-шараның атауы                                                                                   | Өткізу орны                                            | Өткізу күні мен уақыты             |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|------------------------------------|
| 1. | "Қостанай жерінің абыройы" экспозициялық залында Ы.Алтынсариннің мемориалдық көшесі бойынша саяхат | Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Қостанай қ. | бір апта бойы<br>сағат 10.00-17.00 |

**Қостанай облысының 80 жылдығына арналған  
2016 жылғы 27 маусым – 3 шілде аралығына іс-шаралар тізбесі**

| №  | Іс-шараның атауы                                                                                                 | Өткізу орны                                            | Өткізу күні мен уақыты             |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|------------------------------------|
| 1. | "Ұлы Отан соғысы жылдардағы Қостанай облысы" мұражай экспозициясы бойынша виртуалдық саяхат                      | Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Қостанай қ. | бір апта бойы<br>сағат 10.00-17.00 |
| 2. | "Қостанай облысы: тарих және қазіргі заман" көрме                                                                | Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Қостанай қ. | 1-3 шілде<br>сағат 10.00-17.00     |
| 3. | Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қостанай облысының 80 жылдығына арналған ашық есік күні | Рудный қалалық мемлекеттік мұрағаты Рудный қ.          | 28 маусым<br>сағат 15.00           |
| 4. | "Еске түсіру күні" атты қоғаммен кездесу                                                                         | Қаымысты аудандық мемлекеттік мұрағаты Қаымысты а.     | 28 маусым<br>сағат 11.00           |

Балаклеец Александр Леонидовичтің Балаклеец Леонид Александрович сенімді тұлғасы кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қостанай селолық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-182-022-012, алаңы 80,6 га, 12-182-022-140, алаңы 16,9 га, жер учаскелерісіне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2016 жылғы 8 шілде 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қарабалық к., Садовая көшесі, 7 үй, 2 пәт. Өтінімдер 2016 жылғы 7 шілде 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық к., Космонавтов көшесі, 28 үй, 2 пәт., телефон - 8-775-296-37-79.

Доверенное лицо Балаклеец Александра Леонидовича Балаклеец Леонид Александрович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования на земельные участки, расположенные на территории Кустанайского сельского округа Карабалыкского района Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-182-022-012, площадью 80,6 га, 12-182-022-140, площадью 16,9 га, покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 8 июля 2016 года в 10.00 часов по адресу: п. Карабалык, улица Садовая, дом 7, кв.2. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 7 июля 2016 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, п. Карабалык, ул. Космонавтов, д.28 кв.2, телефон для справок - 8-775-296-37-79.

Қостанай облысы әкімдігі "Әкімдіктің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 504 "Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" және "Әкімдіктің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 503 "Жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулыларының жобалары Қостанай облысы әкімдігінің сайтында [www.kostanay.gov.kz](http://www.kostanay.gov.kz) орналастырылған.

## ● ЕСКЕ АЛУ

## Еске алу

Асқар таудай тірегіміз, аяулы да сүйікті әкеміз **Сақтаған Әбдібекұлының** дүниеден өткеніне 20 жыл өтіп кетіпті. Егер тірі жүргенде 20 мамырда 86 жасқа келер еді. Жатқан жерің жайлы, жаның жаннатта болсын. Жарқын бейненді әрқашан жүрегімізде сақтаймыз.

Есейді ұл-қыздарың шүкір Алла, Тастап кете бердің озып алға. Бір өзіңді естуге зарығамыз, Естесің, әке, сені сағынамыз.

**Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері, жиендері, келіндері, күйеу балалары.**

Темірқазық ауылы, Алтынсарин ауданы.



## Еске алу

Жақсы көрер ағамыз **Бек Талғат Бекұлы** егер тірі болғанда 29 жасқа толған туған күнін тойлап жатар едік. Әттең, сұм ажал тірегімізді ортамыздан тым ерте алып кетті. Марқұмның бақилық болғанына да алты айдың жүзі толыпты. Артында аңырап әжесі, ботадай боздап үш қарындасы қалдық. Ағамыз өнер жолында жүрген жүрегі жайсаң азамат еді. Өкініштісі, соңында ұрпақ қалмады. Алланың ісіне көнбеске амал бар ма, қайғырып еске алып, сабыр қыламыз.

Бір әулеттің ізін жалғар ұлы едің, Өзің едің сенім артар тірегім. Жоқсың бүгін орның тұр ойсырап, Рухына дұға қылып жүреміз. Көнеміз ғой Алла салған сынаққа, Жұбану да қиын екен бірақ та. Ата-анаңмен өзиз рухың қауышып, Мәңгі орның болсын дейміз жұмақта.

**Қайғырып еске алушылар: әжесі, бауырлары.**



Қостанай облысы МАЭ сотының 15.06. 2016 жылғы ұйғаруымен "ЭКСПО-ТРАНС" ЖШС қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭ суда Костанайской области от 15.06. 2016 года возбуждено гражданское дело о применении процедуры реабилитации в отношении ТОО "ЭКСПО-ТРАНС". Обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Байтұрсынова, 70.

## ● АМАНКЕЛДІ АЙШЫҚТАРЫ

## Облыста бірінші орынды иеленді

Хамитбек  
МҰСАБАЕВ

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу Аманкелді ауданында жоғары деңгейде өтті. Оған мектеп бітірген 147 оқушының 89-ы, яғни, 60 пайызы қатынасты.

ҰБТ қорытындысы бойынша оқушылардың орташа баллы – 93,6, білім сапасы – 71,3 пайыз болды. Былтырғы жылмен салыстырғанда биылғы көрсеткіш ауданның өзінде ғана емес, облыстағы барша аудандар арасында жоғары болып отыр.

Аудан бойынша 3 оқушы 121 балл жинаса, 27 оқушы 100-ден жоғары баллды алды.

«Алтын белгіге» ұсынылған 9 үміткердің 7-уі өз білімдерін қорғай білді. Атап айтқанда, олар: Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің түлектері – Таңшолпан Қоңыртаева, Гүлжихан Рафкатова, Жаңа ауыл және Жалдама орта мектептерінің түлектері – Дана Сәлімова мен Алдияр Исабаев, Аманкелді орта мектебінің түлектері – Ақбала Бекболатова мен Аида Мінайдарова, Нұртөре Ақжановтар.

Аудан бойынша ең жоғары балл жинаған оқушылар – Жалдама орта мектебінің түлегі Шерхан Рахымбек, Нұртөре Ақжанов, Ақбала Бекболатова. Олар әрқайсысы 121 баллды еншіледі.

## Отандық «KAZSAT-3» спутнигіне ауыстыру басталды

Қазақстан Республикасы телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы «Каз телерадио» акционерлік қоғамы Аманкелді ауданы бойынша өзінің сандық каналдарының «Intelsat-904» спутнигінен отандық «KazSat-3» спутнигіне ауыстыруды бастады. Соған байланысты ұлттық сандық телевидение қызметтерін пайдаланатын тұрғындар 2016 жылдың 1 қыркүйегіне дейін өз жабдықтарына «KazSat-3» спутнигінің техникалық талаптарына сәйкес қажетті ауыстыруларды жүргізуі қажет екені белгілі. Жаңа геостационарлық позициясы

58,3 градусқа тіркеледі.

Аманкелді ауданы бойынша белгілі маман Рахметолла Нарбаев аудандағы телеканалдарды шетелдік спутниктен отандық «KazSat-3» жер серігіне ауыстырып жатыр.

Ауыстырылған теледидарлардың хабарларды көрсету сапасы өте жоғары деңгейде. Сондықтан аудан тұрғындары Р.Ө.Нарбаевқа тапсырысты көптеп беруде.

Рахметолла Әмірұлы – ұзақ жылдардан бері осы салада жемісті қызмет етіп келе жатқан білікті маман, іскер азамат. Оның қызметіне тұрғындар дән риза.

## Екінші орынды еншіледі

Облыстық Марал ишан мешітінде өткен құран оқу жарысына Аманкелді ауданындағы Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің шәкірті Әбдіғамит Әли де қатысқан еді. Ол Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 9 сыныбын тәмәмдап, 10 сыныпқа көшіп отыр.

Жарысқа 30 жасқа дейінгі азаматтар қатысқан болатын. Сол жарыста Әли өзінің құранды көркем оқу шеберлігін көрсетіп, екінші орынды жеңіп алды.

Қасиетті Құран Кәрімді бала жасынан жанына серік етіп келе жатқан

білімқұмар Әбдіғамит Әли болашақта қари болуды армандап жүр. Оның әжесі көпбалалы зейнеткер ұстаз Гүлнәзия қажы имандылық жолын ұстанған. Ал марқұм атасы Мұхтар Әбдіғамитов болса, дін жолындағы азамат болатын. Әлидің бабасы Нұрқан пірадарды Торғай-Қостанай елі жақсы біледі. Кезінде коммунистік-кеңестік билік уақытында да бұл кісі асыл дінімізді насихаттап, бес уақыт намазын оқып, аудан халқына үлгі көрсеткен болатын. Енді, міне, сол кісінің бір ұрпағы Әли аталарының діндарлығын болашақта жалғастыруға ниет етіп отыр.

## Жедел-алдын алу шарасы өтті

Облыс полицейлері «Подучетник» жедел-алдын алу шарасын өткізді. Үш күнде тәртіп сақшылары есепте тұрған 4286 адамды тексерді. ОИД жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция полковнигі Н.Исмағұловтың айтуынша, операцияның мақсаты – оперативті жағдайды тұрақтандыру және бұрын жазасын өтеген адамдардың қайталап қыл-

мыс жасауына жол бермеу, жасөспірімдер қылмыстылығының алдын алу.

Жергілікті полицейлер жеке алдын алу жұмысымен айналысып, 4 мыңнан астам адамды тексерді. Учаскелік инспекторлар есепте тұрғандарды тұрғылықты жері бойынша тексерді. Жедел-алдын алу шарасы кезінде теріс қылығымен көзге түскен 453 адам есепке алынды. 4 адам нашакорлықтан және маскүнемдіктен емдеуге жіберілді, есептегі бір адам колонияға қайтарылды. Тағы 4 адам полиция қадағалауына алынды.

## ● ФОТОЭТЮД



Әткеншек тепкен әжелер

Фотоэтиюдті түсірген М.ЖҮНІС.

Қонақ үй Satti ГОСТИНИЦА

Караоке бар Банкет залы Жайлы немірлер

Қайырбеков к-сі, 357/1 8 (714-2) 391-666 (мейрамхана) 390-666 (қонақ үй)

АКНАЗАР ПЛАСТ

Пластикалық терезелер, есіктер, витраждар!

Неміс профилі

Аудандарға шығу!

Құжаттарды сіздің мекен-жайда толтырамыз!

8/7142/ 75 00 62 8 705 101 66 14 8 778 743 02 71

«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

54-33-22, 54-99-69 (факс), 54-73-36

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті  
редакциясы» ЖШСДиректор-Бас редактор  
ЖАНҰЗАҚ  
АЯЗБЕКОВДиректор-бас редактордың қабылдау  
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69Директор-бас редактордың  
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65  
Жауапты хатшы: 54-33-22  
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36  
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42  
Социологиялық зерттеу орталығы:  
54-53-21, 39-26-25  
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88Бухгалтерия:  
54-99-88, 39-26-88  
Компьютер орталығы:  
54-54-45  
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91  
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56  
Аманкелдіде: 2-17-40  
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02  
Сарыкөлде: 2-25-17Редакцияның  
мекенжайы:  
110000, Қостанай қаласы,  
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11726. Тапсырыс 1313.

Нөмірдің кезекші редакторлары: Ж.ЖҮСІПБЕК, Ә.ИБРАЕВ.